

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

ГУЛСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

ШЕТ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ

«ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТИ»

5120100 - "Қазақ филологиясы" бағыты 8-12 тобының студенті Турсынбаев Азадбек Абилқасим ұлының «Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын мектепте оқытудың тиімді жолдары» тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Жетекші:

*«Орыс тілі мен әдебиеті»
кафедрасы оқытушысы. Б.Т.Оразов*

ГУЛСТАН – 2016

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын мектепте оқытудың тиімді жолдары

М А З М Ұ Н Ы:

<i>Кіріспе.....</i>	<i>3-бет</i>
<i>I тарау. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылық жолы.....</i>	<i>6-бет</i>
I.1. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен өскен ортасы.....	6-бет
I.2. Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет алаңына кіріп келуі.....	9-бет
I.3. Ахмет Байтұрсынов шығармаларының өзіне тән ерекшеліктері.....	20-бет
<i>II тарау. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын - сыныпта оқытылуы.....</i>	<i>30-бет</i>
2.1. Сабақ өтуден алдыңғы кіріспе жұмысы.....	30-бет
2.2. Ақын жазушылардың өмірбаянын оқыту.....	33-бет
2.3. Сабақ процесінде оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың тиімділігі.....	42-бет
2.4. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын оқытуда педагогик технологияларды пайдалану жолдары.....	49-бет
<i>III. Қорытынды.....</i>	<i>52-бет</i>
III.1. Мысалмен айтқан көп ойлар.....	52-бет
<i>IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....</i>	<i>60-бет</i>

Кіріспе

Өзбекстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен-ақ халқымыздың бай мәдени мұрасын үйренуге кең жағдайлар жаратылды. Президентіміз өзінің “Юксак маънавият – енгилмас куч” кітабында руханиятты қалыптастыратын негізгі омилларга – халық ауыз әдебиетінен бастап бізге дейін жетіп келген жазба ескерткіштерге, әлемге аты әйгілі ғұламаларымыздан тартып Отан сезімі мен жанып жасаған ағартушы ғалымдармен қаламгерлерімізге, олардың еңбектеріне жоғары баға беріп, “...осы жұртта жасап жатқан әрбір адам өздігін білу, ежелгі тарихымыз бен бай мәдениетіміз, ата-бабаларымыздың мұрасын терең үйрену, бүгінгі тез өзгеріп тұрған өмір құбылыстарына түсіне қарап, өзіндік пікірлеуімен өлкеміздегі барша өзгерістерге қатысты сезімі мен өмір сүруі қажет”¹ екендігін айтып өтеді.

Ары қарай ойын жалғастыра келе: «... Егер біз мемлекетіміздің кез келген қаласы мен ауылдарында болмайық, жылт еткен қолынан өнер ұшқыны таматын жастарды көргенде, барлығымыз оны дер кезінде аңғарып, ардақтап, оған жылы лебіз білдіріп, оған жол ашып берсек, барша әркеттерімізбен алға қарай жол жүруімізді осындай ұлы мақсатқа қаратсақ, сеніммен айтқанда, көре алмаушылықпен емес, соған әуес етіп жасауды өмір сүру заңына айналдырсақ, біз ұлттық даму барысында және де ұлы шыңдарды иелей аламыз...²» - деген болатын. Сондықтан да біз жастар, ғылым жолында көп ізденіп, келешекте ел үшін аянбай еңбек етіп, ұрпақты саналы тәрбиелеуге бел байлауымыз шарт деп ойлаймын.

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінгі күнде мектеп қабырғасында ақын – жазушылардың өмірбаянын оқыту барысында сан қилы әдіс-тәсілдер мен инновациялық педтехнология арқылы оқыту амалға асырылмаған деп айта алмаймыз. Сондай-ақ әдебиет оқулықтарында орын алған Өзбекстандық қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығын оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып оқыту бүгінгі күннің талабы.

¹Қаримов И.А. “Юксак маънавият – енгилмас куч” – Т.: Маънавият, 2008. – 19 бет.

² Жоғарыдағы еңбек. Сол автор. –Б. 121-122.

Сонымен қатар, Ахмет Байтұрсыновтың оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі рөлі ақынның әдебиет, психология, педагогика және әдістемелік нұсқаулары, оқу құралдары мен оқулықтарында және көптеген мақалаларында кеңінен баяндалған, ал оны зерттеу және тәлім-тәрбиелік жұмыста пайдаланып, кәдеге асыру – қазіргі кезде кезек күттірмейтін өзекті мәселенің бірі.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Жұмыстың негізгі мақсаты – Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтерді теориялық және практикалық жағынан толық меңгеру, әсіресе, ақынның өскен ортасын, жазған өлеңдерін, шығармаларының өзіне тән ерекшеліктерін; сондай-ақ оның әдебиет саласына қосқан елеулі үлесі жайлы жазған еңбектерін; аудармалары мен мысал өлеңдерін, сонымен қатар әдебиет теориясына арнап жазылған оқулықтары мен оқу құралдарын, жарыққа шыққан кітаптары туралы оқушыларға мәлімет берумен бірге ақынның өмірі мен шығармашылығын педагогикалық технология әдіс-тәсілдері арқылы оқыту сынды мәселелер бүгінгі кішігірім ғылыми жұмысымыздың негізгі міндеттерін құрайды.

Біліктілік бітіру жұмысы тақырыбының зерттелуі: Ахмет Байтұрсыновтың өмірін, шығармашылығы мен атқарған қызметтерін аудармашылық қызметі туралы зерттеу жұмыстарын амалға асырған Б. Кенжебаев, С. Қирабаев, Ә.Қоңыратбаев, К. Құрманбай, Е. Ысмайлов сияқты жазушылар мен ғалымдардың мақалалары мен естеліктерін оқып үйрендік және олардан пайдаландық.

Ахмет Байтұрсыновтың көркем шығармалары мен публицистик еңбектерін, жоғарыдағы зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып осы аталған кішкентай ғана ғылыми жұмысымызды амалға асырдық.

Зерттеу әдісі: Осы біліктілік бітіру жұмысында салыстырмалы-тарихи, ақыл шабуылы, жорға ойыны, венн диаграммалары, семантикалық карта, сұрақ-жауап, викториналық сұрақтар сияқты әдістерден пайдаланып, Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы жүйелі түрде талданған.

I тарау

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылық жолы

I.1. Ахмет Байтұрсыновтың өскен ортасы

Әдебиет, сөз өнері ежелден халық сезімінің мәнері, ақиқат және әділет жаршысы болып келеді. Әсіресе тәуелсіздік жылдарда елімізде руханиятымыздың өте қажетті және киелі бір бөлімі болған әдебиетті дамыту, ақын-жазушыларымыздың еңбектерін қадірлеу және оларды марапаттау бойынша амалға асырылып жатқан жұмыстар өз жемісін беріп жатқаны, көркем әдебиетіміздің көлемі мен жанрларының да түрлі-түсті болып жатқаны, әдебиет алаңында жаңа-жаңа есімдер пайда болып жатқаны кітапқұмар халқымызды әрине қуантырады.³ Бұл жұмыс та сол тақырыптарға арналған жұмыс есебінде саналады.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиет танытқышын сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш газет «Қазақтың» (1913-1918) тұрақты редакторы, Абайдан кейінгі саяси-әлеуметтік тақырыпты жалау еткен көрнекті ақын, аудармашы, публицист-журналист, ірі қоғам қайраткері, ағартушы-ұстаз, Қазақстан педагогика-лық институтының профессоры, этнограф, фольклорист, композитор әрі орындаушы⁴

Тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалыптасқан дәстүрлі құжаттар бойынша айтқанда, қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақ ұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге

³ И.А.Каримов. «Юксак маънавият енгилмас куч» Маънавият. 2009 й. 136-137 б.

⁴ Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған: Дидахмет Әшімханов. Алматы. «Жалын». 1992. 206-бет

келген. Ахметтің «Өмірбаянында» көрсетуінше, мешін жылы 1872 жылы туған, №5 ауыл, Тосын болысы, Торғай уезі. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсынның інісі Собалақ қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 октябрьде ояз начальнигі полковник Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты – дүние-мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылу.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет Байтұрсынұлы 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашқаны, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орыс-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алғандығын жоғарыдағы бөлімде айтып өттік. 1895 жылдың бірінші маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық, кейін екі сыныпты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жазады, аударма жасайды, өлең-жыр тудырады, фольклор нұсқаларын жинады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел-атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша, Қарқаралы екі сыныпты училищесінің меңгерушісі Ахмет 1909 жылы бірінші шілдеде Семей абақтысына қамалып, сотсыз, үкімсіз, нақақтан сегіз ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып ширайды, күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру құқынан айырылғандықтан, 1910 жылы 21 ақпанда түрмеден босап, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Бұдан кейін Ахмет Байтұрсынов өміріндегі ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталып кетеді. 1913-

1917 жылдар аралығында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында (1918-1919 жылдың басы) Ахмет Байтұрсынов өзі айтқандай, «адасады, қателікке ұрынады, санын соғады, түңіледі, сары уайымға салынады». Жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт оқымыстыларының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, Кеңес өкіметі жағына өтеді - Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-төңкерістік комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика халық ағарту комиссары, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарында профессор болады, сөйтіп жаңа заман үшін күреске түседі.

I.2. Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет алаңына кіріп келуі

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы әлеуметтік – саяси жағдай күрделене түсті. Бір жағынан патшалық Ресейдің орташылдық саясаты күшейсе, екінші жағынан, жергілікті ұлықтардың озбырлығы да отқа май құя түскендей болды. Осы кезде азаттықты, әділдікті аңсаған бір топ қазақ оқығандары шықты. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхан, М. Дұлатов, М. Жұмабаев та осы ұлт-азаттық қозғалыстың көш басылары болып, халқын бақытты өмірге жеткізу үшін күрес жолына бастады.

Осы үркедей топтың ішіне Ахмет Байтұрсыновтың азаттық жолындағы күресте атқарған қызметі айырықша. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған. Жастайынан әділетсіздік көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауыртпалықтары, патша өкіметінің отаршалдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыққаны үшін әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы күреске түсіреді. Бұл туралы ол бір өлеңінде *«оқ тиіп, он үшімде ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам»* (А. Байтұрсынов. Шығармалары. А., 1989, 30-бет) – деп, он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады.

А. Байтұрсынов азаттық ойларын халқына жеткізу үшін **«Қазақ»** газетін шығарды. Осы газеттің бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажы, арман-тілегі жайлы көптеген мақалалары жарық көрді. «Қазақ» газеті халқымыздың саяси оянуында тарихи рөл атқарды.

А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтармен бірге қазақ халқын тәуелсіздік жолындағы саяси күреске бастаған Алашорда қозғалысын ұйымдастырады. Кеңес өкіметі орнаған соң, халық ағарту саласында еңбек етті. Қазақ тілінің тұңғыш алфавитін жасады, ана тілінен оқулықтар жазды. Сөйтіп ұлттық тіл білімінің негізін қалады.

Ахметтің жазушылық қызметі мысал жазудан басталды. Оның И. А. Крыловтан аударған мысалдар 1909 жылы *«Қырық мысал»* деген атпен басылып шықты. Ақын мысал тілімен патша ұлықтарының отаршыл-қанаушылық саясатын, ел ішіндегі жағымсыз қылықтарды, әділетсіздіктерді аяусыз сынады.

Ақынның өз өлеңдері кірген *«Маса»* кітабы 1911 жылы жарық көрді. Ахмет өз ойларын *«Қырық мысалда»* тұспалдап жеткізсе, «Масада» ашық айтады. Қазақ халқының қоғамдық дамуда артта қалғандығын көріп қынжылады. Ел ішінде орын алған келеңсіз жағдайда сол күйінде суреттейді. Халқының ұйықтап жатқан қалпын көріп, оятуға тырысады. Бейғам жатқан елін маса болып, шағып оятқысы келеді. Кітаптың «Маса» аталуы да сондықтан.

*«Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған»* (сонда, 24-бет) –

деп басталатын *«Қазақ салты»* өлеңінде бас көтерер алаш азаматтарының бәрі қамалып жатса да (*«Кім қалды таразыға тартылмаған»*) әркімнің өз бас қамын қуып, санасыздықтан халқының ұйқыда қалып отырғанына (*«Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп»*) налиды.

«Алалық алты бақан дерт» меңдеген халықтың басынан
*«Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,
Түнерген төбемізден бұлт арымлай»* (сонда, 25-бет)-

деп, күйінеді. Осындай күйге жеткізген ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды Абай сияқты Ахаң да аяусыз сынайды. Алауыздық тамыр жайып, бірлігі кеткен елде:

*«Ұйқышыл жұртты,
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Түн етіп күнін,
Көрсетпей мінін,
Оятқызбай қорып тұр,
Обыр болса, қамқорың.
Қайнағаны сол сорың!»-*

деп күйінеді.

*«Қазағым, елім
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді оянып,
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?!»-*

деп жырлайды ақын. Халқының аянышты халі ақын жүрегін сыздатады. Осыларға күйіне отырып, ел-жұртын ұйқыдан оятуға тырысады. Бұл өлеңнің сыртқы формасы көп ойлап, «Калың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, жырлап өткен ұлы Абайдың ақындық жолын Ахмет жалғастырып тұрғандай. Ахмет те Абайша толғарып, Абайша жырлайды.

Қазақ даласының әлеуметтік жай-күйі *«Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жизан-терген»* сияқты өлеңдерінде шынайы суреттелген. Ал бесік жыры үлгісімен жазылған *«Жұбату»* өлеңі:

*«Қайран еркін
Замандарың!
Тарлыққа жоқ*

*Амалдарың!
Еркін дала,
Еркің қайда?
Еркіңдегі
Көркің қайда?» (сонда, 37-бет)-*

деген жолдармен басталған. Алты ауыз алауыздықтың салдарынан өзге елге бодан болған елін:

*«Малың алдау,
Талдауда тұр.
Жаның арбау,
Қамауда тұр.
Аяғыңды тұсау
Қысты.
Жақтарыңды
Құрсау қысты»-*

күйінде көрінеді. Ұлықтардың «біз тұрғанда қам жеме, ұйықтай бер» деп, «әлдилейді», ондай «әлдиге» сеніп қалма деп, халқын қырағылыққа үгіттейді.

А. Байтұрсынов қазақ елін теңізде қалқып жүрген қалтылдақ қайыққа теңейді. Ал өмір атты үлкен мұхитта қалт-құлт еткен қыйықпен межелі жеріңе жете алмасың тағы да белгілі. Алға қойған мақсаттарға жету үшін соған лайық үлкен істер керек. Үлкен істерді жүзеге асыру оңай шаруа емес; ол бірдің қолынан емес, көптің қолынан, жай ғана емес, күреспен келетіні тағы бар. Күрес жолы-қиын жол. Жеңіске жету үшін күресе білу керек. Ол түрмеде жатып жазған «**Анама хат**» өлеңінде анасын жұбата келіп:

*«Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез боп тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,*

Орынсыз күйзелейін мен несіне?!»-

деп, өзінің азаттық үшін күрес жолына саналы түрде түскендігін жан анасына ашық айтады. Ақын таңы бірде:

*«Қашан жанып шамшырақ,
Сәуле беріп жарқырап,
Болар жарық төрт тарап?»-*

деп, халқының азат болған бақытты шағын көруді аңсайды. ұмырын елінің ертеңіне арнаған А. Байтұрсынов халықтың теңдікке жету жолы деп, әлеуметтік оянуға, ол үшін сауатты болып өнер-білімді үйренуге шақырды. *«Адамдық диқаншысы», «Ғылым»* т. б. өлеңдерінде жастарды білім алуға, ғылым үйренуге үндейді; халқын бақытты болашақ үшін күреске шақырады.

*«Мен бұқтым - жаттым,
Сен бұқтың - жаттың,
Кім істемек қызмет?!»-*

деп, жастарды белсенділікке қайрады. Бақытты болашақты олардың өз қолдарымен құру керек екендігі, ол үшін тізгінді қолға алу қажеттігі айтылған.

*«Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың»-*

деп, оның өзі жырлағандай, ақын барлық ғұмырын халқының ұлттық сана-сезімінің оянуына, азаттық жолындағы күресіне арнады. Әрбір азаматтың ұлт алдындағы бағасы оның өз халқына қаншалықты қызмет еткендігімен

өлшенеді десек, Ахметтің де елінің ертеңіне еткен өлшеусіз еңбегін көреміз. Ахаң халқының жарқын болашағына кәміл сенген. Сондықтан да,

*«Тән көмілер, көпке еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес – бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,
Ел- бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін», -*

деп жырлаған. Бір кездерде алаштың ардагер азаматы Ахмет. Байтұрсынов арман қылып, жырға қосқан, сол жолда күресіп, мерт болған азаматтың ақиық асыл идеялары бұл күндері елімізде салтанат құруда.

А. Байтұрсынов қалдырған әдеби мұрасының бір саласы – орыс әдебиетінен жасаған көркем аудармалары. Қазақ әдебиетіндегі тәржіме тәжірибесі ХІХ ғасырға дейін шығыстық нәзира үлгісінде болып келсе, орыс мәдениетінің сахараға тең деп кіре бастауымен байланысты енді шын мәніндегі, әдеби аудармалар жасалынды. Қазақ оқырмандары И. А. Крыловтың, К. Д. Ушинскийдің, А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың т. б. шығармаларымен ана тілінде таныса бастады. Сөйтіп орыс әдебиеті Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ғ. Қарашев, М. Сералин аудармалары арқылы қазақ оқырмандарына жол тартты. Осы топтың ішінде 1909 жылы Петербургте **«Қырық мысал»** деген атпен И. А. Крылов мысалдарын тәржімалап кітап шығарған А. Байтұрсыновтың орны ерекше.

А. Байтұрсынов И. А. Крыловтың мысалдарының ішінен таңдап, талғап аударған. Қазақ даласында да жиі кездесетін келеңсіз типтік құбыластарды сынаған, оқырманға әсер ететін, ұғымына түсінікті мысалдарды іріктеп алған. Сөйтіп, Ыбырай, Абай салып кеткен аудармашылық дәстүрді ары қарай дамыта түсті. Әдеби аударма еркін, балама ретінде келеді. Ахаң Крылов

мысалдарын әдеби тұрғыдан дәл беруде емес, қазақ оқырмандарына ұғынылықты болу жағын көбірек мақсат тұтқан сияқты.

И. А. Крыловтың қырық мысалынан басқа Ахаң орыс әдебиетінен А. С. Пушкиннің *«Балықшы мен балық»*, *«Алтын әтеш»*, *«Ат»*, *«Данышпан»*, *«Аликтің ажалы»* атты шығармаларын қазақшалаған. Сондай-ақ М. Ю. Лермонтовтың поэмасынан үзінділер, С. И. Надсоннан, Жадовскаядан, Вальтерден, араб әдебиетінен бір-бір өлең аударған. Бұлардың ішінде Асан қайғынікі делініп жүрген *«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады»* деген екі шумақ өлең Ахметтің *«Қырық мысалы»*нда *«Мінсіз таза асыл тас су түбінде жатады»* деген аз ғана өзгешелікпен Жадовскаядан аударма деп берілгендін де айта кеткен жөн. А. Байтұрсынов шығарып тұрған *«Қазақ газеті»* ұлттық баспасөздің дамуында тарихи рөл атқарады. 1913 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған осы газеттің бетінде қазақ қауымының алдында тұрған бірде-бір саяси - әлеуметтік мәдени-әдеби мәселе көтерілмей қалған жоқ десе де болады. Қазақ қоғамының болашағы, саяси құрылымы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, ғылымы, білімі, т. б. сияқты өмірлік маңызы бар өзекті мәселелер туралы газет білдірген пікірлер күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Газет бетінде ұлттық мәні бар мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір туғызуы арқылы әлеуметтік күшке айналып отыруы. А. Байтұрсыновты, жалпы, қазақтық деңгейдегі қоғам қайреткері дәрежесіне дейін көтерді.

А. Байтұрсыновтың осы газет бетінде айтқан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: *«...әр халыққа керегі - өз діні, тілі, жазуының сақталуы. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелгі миссонерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек...Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілген нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратысыс жайы»* (Бастауыш мектеп. «Қазақ», 1914, №61); *«мектептің жаны-мұғалім»*. *Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...* (Мектеп керектері, «Қазақ», 1914,

№62); «Әуелгі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі» (Қазақша оқу жайынан. «Қазақ», 1913, №14"), «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді... Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім-көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр... Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» (оқыту жайынан «Қазақ», 1913, №63). Күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халық келешегін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер өміршең пікірлер емес пе.

А. Байтұрсыновтың **«Қалам қайраткерлерінің жайынан»** атты мақаласынан ұлтын сүйген азаматтың ұлтшылдық рухы есіп тұр. «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауыруын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамаққа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жани ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады» (Қараңыз: Ұлттық ұлы тұлғасы. –А., 2001. 75-76 беттер) – деген жолдарға түсініктеме беріп жатудың өзі артық. Автор қазақ қаламгерін ұлтын сүйуге, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуге шақырады. Ахаңның ойынша «Мәдениеті жоғары халық мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат». Сондықтан да қаламгер ұлт мәдениетін көтеруге барынша ат салысуы міндетті. «Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» (сонда) дегенді ескертеді. «Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» деп білген А. Байтұрсынов қоғам өміріндегі әдебиеттің алатын орнына айрықша мән берген.

Ахмет Байтұрсыновтың әдебиет жайлы айтқан пікірлерінің ішінде Абай туралы жазылған *«Қазақтың бас ақыны»* атты мақаласының тарихи маңызы бар. Абай хақында Ахметке дейін де бірлі-жарымды мақалалар жазылып, оның ақындығын жоғары бағалағандығы белгілі. Бірақ оның қазақтың ұлы ақыны екендігін алғаш айтып, дәлелдеп жазған А. Байтұрсынов болды. Мақала бірден *«Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»* («Қазақ», 1913, 43)-деген жолдармен басталған да әрі қарай осы ойын дәйектей түседі: *«Сөзі аз, маңынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсіп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың»* (сонда). Абайдың өлеңдерін оқығанда түсінуге ауырлау соғатыны *«ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан»* болған кемшілік емес, *оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік»* деп түсіндіреді. *«Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады».*

«Абай сөздерінің дүниеде қалғаны - қазаққа зор бақ»-санайды. *«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына сыншылық керек. ,намды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған»* (сонда) *«Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген»* деп, дәлелге *«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»* атты өлеңінің мәтінін түгел келтіріп, оның сөз өнеріне қоятын биік талабын, терең талғамын танытады. Абай поэзиясының озық үлгілерінің қатарында *«Аттың сыны»* өлеңінің өзіндік сипаты сөз болған.

Қазақ қоғамындағы *«Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсесінің асылын танығаны, білгені көрінеді»*, сондықтан да *«Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек»* (сонда) дей келіп, ақынның өлеңдерін ел арасына тарату, насихаттау міндеттерін алға қояды.

«Қазақ» газетінде әдебиетке қатысты бірсыпыра мақалалар жарияланды. Солардың кейбірі бүркеншік аттармен жарық көрген. «*Арысұлы*» атымен шыққан «*Роман не нәрсе?*» («Қазақ», 1914, 48,31 қаңтар) атты мақаланың авторы туралы түрліше пікір бар. Осы газет бетінде «*Роман бәйгесі*» («Қазақ», 1915, 120,18 көкек) атты жазған Әлихан Бөкейхановтікі болуы да ғажап емес. «*Қазақтың бас ақыны*» туралы қалам тербеген, көркем әдебиетті дамыту үшін роман бәйгесін ұйымдастырған «Қазақ» газетінің редакторы өз атынан жариялай беруді артықтау көріп, кейбір мақалаларын бүркеншік атпен жариялауы да мүмкін. Оның үстіне А. Байтұрсыновтың болашақта әдебиеттің теориясына арналған «*Әдебиет танырқыштың*» (1926) авторы болғандығын есте ұстасақ, осы мақала шынында да Ахметтікі емес пе екен деген ой да жөн сияқты көрінеді.

Сондай авторы таласты мақаланың бірі «*Н*» мырзаның атымен шыққан «*Әдебиетімізге көз салу*» («Қазақ», 1916, 64). «*Н*» Нәзір Төрешұлов атының бас әрпі деген пікір бар. Солай да болуы мүмкін. Сонымен бұл мақалалар А. Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған «Қазақ» газетінде басылғандықтан да қалай болғанда да Ахметтің қатысы барлығын айтумен шектелсек дейміз.

1926 жылы жарық көрген «*Әдебиет танытқыш*» арқылы А.Байтұрсынов шын мәніндегі қазақ әдебиеттану ғылымының негізін ұлттық топыраққа берік қалады.

Жалпы қазақ филологиясының атасы атанған Ахаңның бұл еңбегі негізінен әдебиеттің қисынына (теориясына) арналғанымен де онда қазақ әдебиетінің тарихына, ауыз әдебиетіне, сынына, тіліне қатысты аса құнды деректер бар. «*Әдебиет танытқышта*» А. Байтұрсынов жан-жақты білімдер, әмбебап филолог ретінде көрінді.

Ахмет алдымен «*өнер*» дегеніміздің өзіне не екендігін анықтап алады. «*Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады, адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады*» (А. Байтұрсынов шығармалары. А., 1989, 137-бет)-дей келіп,

соңғысының барлығын өнер туындыларына жатқызады. Өнер атаулыны екіге бөледі: *«тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін – көрнек өнері болады»* (сонда). Ахаңның бұл жерде *«тірнек өнері»* деп отырғаны - қазіргі жүрген *«қолданбалы өнер»* (прикладное искусство).

А. Байтұрсынов өнердің бес түрін атайды: *сәулет* (архитектура), *сымбат* (скульптура), *кескін* (живопись), *әуез* (музыка), *сөз өнері* (литература). Тек қана *сымбат өнері, мүсін, әуез өнері, сөз өнері* деп қолданатындығымыз болмаса, Ахаңның өнерді бұлайша жіктеуі бүгінгі айтып жүргенімізге сай келеді. Өнер түрлерінің ішінде сөз өнері әдебиет - аса күдіретті. *«Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай әдемі ән-күй болсын-сөзбен сөйлеп, сүгіретпен көрсетуге, танытуға болады»* (сонда, 138-бет).

Әдетте әдебиеттің, яғни тілдік және идеялық жақтары бар дейміз. Ахаңда да *«Шығармашылық екі жағы бар: 1. Ішкі пікір жағы. 2. Тысқы тіл жағы»* (сонда, 148-бет). Қазақ тіл білімінің негізін қалап, оқулықтар, ғылыми еңбектер жазған А. Байтұрсынов әдеби тілдің мәселелеріне келгенде мүлдем жүйрік. Кітаптың *«Тіл қасиеті», «Тіл әуезділігі»* сияқты көлемді тараулары көркем сөздің құпия сырларын түсіндіруге арналған. Әдебиеттегі көркем тіл-негізгі мәселе. Сондықтан да Ахаң әдеби шығарманың қасиеттерін әңгімелеуді сөздің өз орнында дұрыс, анық, дәл, қолданылуынан, тіл тазалығын қатаң сақтап отырудан бастайды. *«Тіл тазалығы дейтініміз-ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау»* (сонда, 151-бет)-деп, оған ерекше мән берген. Ахаңның мына бір пікірі тіл тазалығын сақтаудың аса маңыздылығын күні бүгін де ескеріп тұрғандай: *«Жалғыз-ақ біздің қашатынымыз-жатшылдық (жат сөздік). Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек»* (сонда, 151-бет).

1.3. Ахмет Байтұрсынов шығармаларының өзіне тән ерекшеліктері

Ахмет Байтұрсыновты қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жасағандығы белгілі. Сол сияқты ол *«Әдебиет танытқышы»* арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптасады. Еңбектің аса құнды жақтарының бірі де осы. Ахаң тіл көрнекілігін жасау жолдары дегенде *көрнектеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейінтеу, әсерлеу, меңзеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу* сияқты терминдерді қолданады. Айшықтау амалдары аталып жүрген осы терминдердің көпшілігі бүгінгі әдебиеттану ғылымында қолданылып жүр, немесе аз ғана өзгерістермен, не орысша атауы күйінде кездеседі. Осылардың ішінде *теңеу, кейінтеу, әсірелеу, арнау, шендестіру, дамыту* туралы Ахаң айқындап берген мағынада айтылады. Ал енді біреулерінде сәл ғана айырмашылықтар бар. Мысалы, Ахаң *«көріктеу»* қазақша да, *«эпитет»*, еуропаша. *«Алмастыруды»* да *синекдоха, метонимия* дейміз. Ахаңның термині осы айшықтау амалды дәл айқындап тұр. Сол сияқты *«бейнелеуді»* *аллегория, «әсірелеуді» ұлғайту, кішірейту «мезгеуді» метонимия, синекдоха, «қайталауды» сөз қайталау, «кекесіндеуді» сатира, юмор* деп жүрміз. Ойланатын мәселе екендігі көрініп тұр.

«Әдебиет танытқышта» кей мәселелер терең зерттелінген. Мысалы, Ахаң арнау туралы айтқанда, сұрай арнау, зарлай арнау, жырлай арнау түрлерін көрметіп, оған мысалдар келтіреді. Сол сияқты *«қайталауды»* да кеңірек түсіндірген. Әдебиеттегі мұндай құбылысқа біз назар аударып жүрген жоқпыз.

А. Байтұрсынов сөздердің, сөйлемдердің дұрыс айтылуына, әуезділігіне де мән берген. Сөздің, сөйлемнің құлаққа жағымды, жағымсыз естілуі оның дыбыстардан, сөздерден дұрыс құралуында деп біледі автор. Сөздердің дауысты, дауыссыз дыбыстардың не көп, не аз қолданылуының мағыналық, эмоциялық, көркемдік құрал ретінде сипаттарына арнайы тоқталған.

Ахаң көркем әдебиеттегі сөйлемдерді екі топқа бөледі. *«Әрнекті сөйлемдер»* аталған біріншісіне прозалық құрмалас, екіншісін *«Өленді сөйлемдер»* деп, оған прозалық өлең сөйлемдерді жатқызған. Әрнекті сөйлемдерді, яғни құрмалас сөйлемдерді іштей *себепті оралым, мақсатты оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіппелі оралым, айырықты оралым, қорытпалы оралым* деп сегіз түрге жіктеген. Құрмалас сөйлемдерді Ахаң бір кезде осылай жіктесе, қазір аздаған өзгерістермен *себеп-салдарлы, мақсат бағыныңқылы, қарсылықты, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер* түрінде айтылып жүр. Ал *ұқсатпалы, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы оралым* түрлерінің тілші ғалымдары ойландырары анық.

«Өлеңді сөйлемдерде» тақырыбы осылай аталғанымен де, негізінен, өлеңнің теориялық жақтары жан-жақты негізделген. Автор өлеңдерді екіге бөлген: *«Әнді өлеңдер»*, *«Мәнді өлеңдер»*. Алғашқысына әнмен айтылатын өлеңдерді, қалғандарын екіншісіне жатқызған. Ахаң қара сөз бен өлең сөздің ерекшеліктерін айта келіп, поэзиядағы *екпін, ырғақ, буын, бунақ, термин, шумақ* сияқты категорияларды егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бұл ретте өлең сөздің теориясы қазіргі түсініктер мен *«Әдебиет танытқыштың»* арасында айырым жоқ десек артық айтқандық емес. Ахаң өлеңдерде *«шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында, я ортасында бірыңғай болып келу тиіс. Мәселен, бір тармақтың басында үш буынды бунақ келсе, басқа тармақтарда да солай келу тиіс»*. Осы жерде А. Байтұрсыновтың *«Қазақтың бас ақынында»* Абайдың *«Жалғыз-бір міні бар: ол мін өлең бунақтары тексеріліп, орнына қойылмағандық. Оның оқығанда, я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді»* (сонда, 301-бет) – дегені де еске оралады.

«Әдебиет танытқышта» сөз өнерін жіктеудің, талдаудың бүгінгі күнгіге ұқсай бармейтін өзіндік жүйесі бар. Ахаң сөз өнерін біздің түсінігіміздей, көркем әдебиет мағынасында емес, онда да кең тұрғыда алады. Мысалы, жалпы тіл *«қара сөз»* бен *«дарынды сөз»* деп екіге

жүйеленген. Қара сөзге ауызша, яғни «*жалаң лебізді*», ал дарынды сөзге «*көрнекі лебізді*» сөздерді жатқызған. Қара сөздің тақырыптарына орай

1. Ғалам тарабына

2. Құдай тарабына

3. Ғылым тарабына

4. Әлеумет тарабына

5. Үгіт-тәрбие тарабына

6. Сын тарабына» (сонда, 211-бет) түрлерін көрсеткен. Қара сөз, негізінен, адамның зейіні арқылы жүзеге асып, *әуезе, әліптеме, байымдама* түрінде көрінеді. Әуезенің *шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарихи аңгіме* түрлерін айтады. Бұл жердегі «*әуезе*» сөзінің мағынасы «*баяндауға*» жақын екендігі көрініп тұр. Ал «*әліптемені*» *суреттеу* деп түсіндірген.

«*Байымдамаға*» *пән (ғылым), сын, шешен сөз, көсем* сөздерді жатқызған. Мұндағы «*пән*», «*ғылым*» деп отырғаны - белгілі бір білім, ғылым салаларына арналған оқулықтар мен ғылыми еңбектер. Кітапта «*пән*» туралы қысқаша түсініктемемен шектелсе, «*сын*» жайына едәуір тоқталған. Әдебиет сында «*пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі*» деп келіп, оның алдына мынадай міндеттер қояды:

1. «*Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? Мазмұны дұрыс па? Яғни, өмірде ондай қалып ұшырай ма? Яки, ұшырауға мүмкін бе? Әмірде болатын қалып болса, неден болады; неден болатын себебін біліп айтқан ба? Адам баласының боларлық қалып па, белгілі бір тобында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейін қалып па?..»*

2. *Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үлестірілген уақиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Екінші сөзбен айтқанда, ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?* (сонда, 222-бет). Бұл жердегі көрсетіліп отырған сынның бірінші міндеті

Добролюбов айтқандай, «сынның міндеті-өмір шындығының көркем шындыққа сай келетіндігін, немесе сай емес екендігін нықтау» деген пікірмен үндестігі байқалады.

Сондай-ақ көркем шығарманың тысқы және ішкі сындары жайлы айтқандары да ойландырады: Тысқы сындар: 1. *Тілінің, лұғатының сыны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділі, өрнектілі жағының сыны.* 2. *Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны.*

Ішкі сындар: 1. Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан-жүйесінің жөнімен қарағанда дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны.

2. *Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегеннің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны»* (сонда, 222-бет).

Автор шешендік сөздерді де осы **«қара сөз»** тобына қосқан. Оны **«шешен сөздер»** атап, бес түрін көрсетеді: *саяси шешен сөзі, билік шешен сөзі, қошемет шешен сөзі, білімір шешен сөзі, уағыз.* Азын-аулақ өзгертулермен бұл жіктеуді бүгінгі күні де қолдануға болатындай.

«Көсем сөз» термині соңғы кездерде публицистиканың орнына баспасөз бетінде сәтті қолданылып жүр. Ахаң көсем сөзге мынадай анықтама беріпті: *«шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазумен айтылады. Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін болғандықтан да көз деп аталады...Көсем сөз күндегі мәселе жайын сөйлейтін сөз болған соң, кезіндегі шығып тұрған газет-журнал жүзінде шығады»* (сонда, 223-224 беттер).

Еңбектің **«Дарынды сөз»** аталған екінші бөлімінде әңгіме көркем әдебиеттің теориялық мәселелері төңірегінде өрбіген. Ахаң әдебиетті **«айтылу түріне қарай негіздік үш топқа»** бөлген. Олар: *әуезе, толғау, айтыс.* Мұны бүгінгі жіктеуіміз бойынша айтатын болсақ, әдебиеттің үш тегі: *эпос, лирика, драма.* Айырмасы - Ахандікі қазақша да, біздің терминіміз

орысша. «**Әуез**» туралы «*Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары галамда болған істі әңгіме қылады*» (сонда, 225-бет)-деп түсіндіруі-негізінен болған оқиғаларды баяндауды мақсат тұтатын эпостың басты қасиеті.

«**Толғауы**»да лирикаға сәйкес. Аханда «*Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды... Толғау қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі...*» (сонда, 22-бет) – деп, толғау – лириканың түп-тамырын дәл басқан.

Ахметтің «**Айтысы**»и да драманың мазмұнын береді. Айтыс дегенде әңгімені ақындар айтысынан бастап, ол дами келе «*алаң алданышына*» айналғанын, яғни сахнаға шыққанын, сөйтіп «*алаң әдебиеті*», яки сахна әдебиеті драма пайда болғанын түсіндіреді. Ахаң ауыз әдебиетіндегіні «**айтыс**», ал жазба әдебиеттегіні «**айтыс-тартыс**», кейде «**шығарма айтыс**» деп алған. «**Шығарма айтыстар**», яғни драмалық шығармалар қазақ әдебиетінде соңғы кездерде шыға бастады дейді.

А.Байтұрсынов жалпы әдебиеті **ауыз әдебиеті** және **жазба әдебиет** деп екіге бөледі. Ауыз әдебиетін жіктегенде бүгінгі жүйемізден өзгешелеу принцип ұстанған. Мысалы, ауыз әдебиетін жұмсалатын орнына қарай **сауықтама**, **сарындамаға** айырады. Ал **сауықтаманы** ермектеме, **зауықтамаға** бөліп тастайды. **Ермектеменің** ертегі, ертегісымақ, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты түрлерін анықтаған. Мұндағы бізге түсініксіздеуі - «**ертегісімек**». Ол туралы «*Ертегісімек деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден, көрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтимал молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады*» (сонда, 233-бет)- делінуі және оған мысалға «**Алдар көсе**», «**Жиренше шешен**», «**Қожанасыр**», «**Атымтай Жомартың**» келтірілуі мәселенің аңыз-әңгімелер туралы екендігін аңғартса керек. Демек, **ертегісімен** - аңыз-әңгімелер екен.

«Зауытқамаға» «көңіл көтеру үшін сөйленетіндей жаңа дәуір сөздерді» жатқызған. Оның іштей ертегі жыр, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, тарме түрлерін анықтаған. Мұндағы «ертегі жыр» деп отырғаны - батырлар жыры. «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Нәрікұлы Шора», «Алпамыс батыр», «Ертарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» жырларын осыған қосады. «Ертегі жырдың» ерекшеліктерін «Қобыланды батырды» әңгімелей отырып айқындаған. «Тарихи жыр», «Айтыс өлең», «Толғау» терминдері бүгінгі фольклористика ғылымында Ахаң қолданған күйінде қолданылып жүр. Терме сексенінші жылдарға дейін ауызға ілінбей келсе, қазір біршама зерттелініп, термешілік өнер қанат жаюда. Ал Ахаңның «Үгіт өлең», «Үміт өлең», дегендеріне назар аударайық. «Үгіт өлеңге», «ақыл айтқан» жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдерді, ал «Үміт өлеңге», «біреуден үміттене, бір нәрсеге дәмете айтқан ақындардың өлеңдерін» жатқызған (сонда, 240-бет). Қазір «Үгіт өлең» мен «терме» бірге «терме» түрінде қарастырылып жүр.

Ауыз әдебиетінің екінші түрі *«Сарындама» («сарын сөз»)* үш тарауға - *салт сөзі, гұрып сөзі, қалып сөзі* болып бөлінген. *«Салт сөзіне»* мысалдар, *ділмәр сөз, тақпақ, мақал, мәтел* жатқызылып, мысалдар келтірілген. *«Гұрып сөзінің» тойбастар, жар-жар, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата, «қалып сөзінің» жың шақыру, дерт көшіру, бесік жыры* түрлерін әңгімелейді. *«Жың шақыруды»* қазір *«бақсы сарынына»* қосып жүрміз. *«Кұрт шақыру»* да тісі ауырған адамның тісіндегі *«құртты түсіру үшін емшілердің айтатын сөздері»* болғандықтан да бақсы сарынына, немесе *наным-сенім өлеңіне* жатқызуға болады. *«Дерт көшіру»* автордың өзі жазғандай, *«малда болатын бәдік деген ауруды, адамда болатын күлапсан деген ауруды қазақта өлеңмен емдеу»* болатындықтан да *бәдік жыры* сияқты.

«Әдебиет танытқышта» қазақтың жазба әдебиетінің тарихы екі кезеңге – *«діндар дәуір, ділмар дәуірге»* бөлінген. Діндар дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діншіл әдебиетті, ділмар дәуірге орыс әдебиетінен өнеге ала бастаған кезден бергіні жатқызған. Діндар дәуір әдебиетінің *қисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме* сияқты түрлеріне сипаттамалар беріп, мысалдар келтірген.

А. Байтұрсынов *«Сын тезі құрылмай әдебиет сөзі сындар болып (мінсіз болып) шыға алмайды»* (сонда, 277-бет)-деп жазады. Еуропа үлгісіндегі әдебиеттің басты қасиеті өзіне сын көзімен қарай білгендік, сондықтан да бұл кезеңді *«сындар дәуір»* атаймыз дейді. Бұл жерде Ахаң әдебиеттің сыныны ерекше мән берген. Ол қазақ әдебиетіндегі осындай жаңа дәуірді Абайдан бастайды. *«Қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері... Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткеннің үстіне аз да болса асыл сөз сипаттарын айтып та жұртты хабардар қылды»* (сонда, 277-278 беттер).

«Әдебиет танытқыштың» дарынды сөз бөлімінде жалпы сөз өнерінің төркінін әуезге, толғау, айтыс-тартысқа, яғни қазірше алсақ, эпос, лирика, драмаға анықтамалар берілген болатын. Енді Абайдан кейін әдебиетке тоқталғанда осы мәселеге тағы да соғып, бұрынғы айтылғандарды қайталамай, тек түрлерін ғана көрсетеді. Ахаң эпосты *«әуезе, яки әңгіме түрлі сөздер»* атап, оның *ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме (роман), ұзақ сөз, аңыз өлең және әңгіме, көңілді сөз, мысал, ұсақ әңгімелер* сияқты тоғыз түрін анықтайды. Мұндағы **«ертегі жыр»** деп отырғаны - ақындардың өлеңмен ертегісі тарихи жыр түсінікті. Роман *«ұлы әңгіме»*, *«ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі «ұзақ әңгіме»* деп аталады. Оның шағындау түрі **«ұсақ әңгіме»** повесть те, **«ұсақ әңгіме»** -*әңгіме*. Ахаң М. Дулаттың **«Бақытсыз Жамал»**, *«ұзақ әңгімеге»*, яғни повеске жатқызған. *«әуезге жыр»-поэма*, ал *аңыз өлең* - аңыз тақырыбындағы поэма. Мысалы, қазір де Ахаң күйінде қолданылып жүр. **«Көңілді сөз»** туралы *«Табиғатқа*

жақын қулық-сұмдық жайлар, әдіс жоқ, тамағы тоқ, уайым жоқ, адал ниет, өмір сөзбен суреттеп шығару» (сонда, 284-бет)-деген де бұл түрдің қазақ әдебиетіндегі әлі жоқ екендігін ескерткен.

Ахаң толғаудың (лириканың) ішкі қырларына тереңірек үңілген. Толғау болу үшін ол адам көңілінің тереңінен шымырлап шыққан шын, таза, сырлы болып, әрі қысқа, әрі әуезді, әрі бейнелі түрде келуі шарт дейді. Толғауды іштей сап толғау, марқайыс толғау, налыс, намыстаныс, ойламалдауға жіктеп, әрқайсысына түсініктемелер береді. «Мұңды толғаулар ойламалдау деп аталады» (сонда, 289-бет) – дей келіп, оны тағы *сөгіс толғау, күліс толғауға* бөледі. Соңғысы *мазақ, мысқыл, жеңіл күлкі* түрінде келетіндін көрсеткен. Ахаңның *мазағы сатираға, мысқылы иронияға, жеңіл күлкісі юморға* келіп тұр.

Драманың *«айтыс-тартыс»* деп алынғаны да көңілге қонады. Мұнда драманың негізі *«ұстаудың»* байланыс, шиеленіс, шешіліс сияқты үш бөліктен тұратындығын айтады. ,стасудың үш түрін көрсеткен: *әлектеніс, азаптаныс, әуреленіс*. Бұл жердегі *әлектеніс* драмаға, *азаптаныс* трагедия, *әуреленіс* комедия жанрларына сәйкес.

«Әдебиет танытқыштың» біз байқаған ұзын-ырғасы, кейбір қадір-қасиеттері осындай. Ойымыздың түйіні. А. Байтұрсынов *«Әдебиет танытқыш»* арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін берік қалады. Нақтыланқырап айтсақ, біріншіден алғаш рет қазақ әдебиетін теориялық жағынан негіздеп, ғылыми тұрғыдан түсіндірді. Ахаңның әдебиет жайлы айтқан қисындары негізінен бүгінгі қалыптасқан теорияға сәйкес келеді. Айырмасы - *«Әдебиет танытқыш»* ұлттық әдеби топырақтың табиғатына орай жазылған да, бүгінгі қолданылып жүргені - батыс әдебиеті негізінде жасалып, бізге қондырылған теория. Ахаң ұсынған теориялық қисындардың ешқайсысы маңызын жойған жоқ. Керісінше, ұлттық әдебиетіміздің теориялық болмысын сөз еткенімізде, *«Әдебиет танытқышқа»* қайта оралып, Ахаңша түсіндіру керек. Ол ұсынған әдебиет терминдерінің көпшілігінің қолданылып жүргендігін айта отырып, қазіргі кейбір орысша

әдебиеттану терминдерін қазақшалау мәселесін де Ахаң сүйене отырып шешу қажет.

Екіншіден, қазақ әдебиетінің тарихын тұңғыш рет кезеңдерге бөліп, оны дәуірлеудің өзіндік принциптерін ұсынды. Әдебиетті ауызша және жазбаша түрлерге діни және сыни (сындар) бағыттағы еуропалық үлгідегі ағымдарға жіктеуі - әдебиет тарихын жасаудағы алғашқы адымдар. Шын мәніндегі *«қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады»* (сонда, 278-бет) – деуі - әдебиет зерттеушілер үшін маңызды тұжырым. Н. Наушабаев, Сүгір, Шернияз, Бұдабай, Орынбай, Доскожа, Нысанбай, Қубала, Жүсіпбек, Басығараұлы, Әлібек Орақұлы, Мәделі қожа, Молда Мұса, Әбубәкір Кердері, Шортанбай, Жорабай ақын, Айқын, Жарылқасын қожа, Ахметбек, Төлеген Бейісұлы сияқты ақын-жыраулардың, Наурызбай би мен Қазыбек бидің, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев, С. Сәдуақасов, Б. Майлин, М. Сералин, Б. Өтетілеуов секілді жазба әдебиет өкілдерінің шығармалары алғаш рет осы еңбекте ғылыми айналымға түсіп, пікірлер айтады. Әсіресе Абай мен Мағжан өлеңдері сөз өнерінің нағыз үлгілері ретінде көбірек мысалға келтіріліп, талданылған.

Үшіншіден, қазақ фольклортану ғылымының іргетасын негіздеп, қабырғасын көтерді. Ауыз әдебиетінің өзіндік сипаттарын айқындап, сала-салаға бөліп жіктеп берді. Алғаш рет ауыз әдебиеті үлгілерін іштей жүйелеп, оның негізгі жанрларын анықтады. Ахаң ұсынған *ертегі, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлар жыры, тарихи жыр, неке қияр, беташар, жоқтау, жарпазан, бата, бесік жыры* т. б. сияқты терминдер бүгінгі күн қолданылып жүр. Осы еңбекте ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан талданылды. А. Байтұрсыновтың фольклор жайлы пікірлері кейіннен М. Әуезовтың *«Әдебиет тарихы»* (1927), Х. Досмұхамедовтың *«Қазақ халық әдебиеті»* (1928, орыс тілінде), т. б. сияқты еңбектерде ары қарай жалғасын тауып, дамытылды.

А. Байтұрсынов – жан-жақты білімдар ғұлама. Ол тек қазақтың тілін, әдебиетін ғана емес, оның тарихын, этнографиясын, мәдениетін де зерттеген кең құлашты ғалым болғандығын да бүгінгі күні белгілі болып отыр. М. Әуезов пен . Мүсірепов оның *«Мәдениет тарихы»* атты көлемді еңбек жазғанын, оның қолжазбасын көргендерін еске алады. Несін айтасыз, қазақ халқының ұлттық болмысын, мәдени өмірі, жалпы руханияты тұтас күйінде көрінуі тиіс бұл кітап бізге жетпеген; не тарихтың аумалы-төкпелі, қиын-қыстау кездерінде қаскүнемдердің кесіріне қолды болған; не ұңғыл-шұңғылы, тарам-тарам жолы көп тарихтың бір қойнауында елеусіз, ескерусіз қалып қойып, өзінің жарыққа шығар күнін күтіп жатқан шығар.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін М. Әуезовтің мына бір сөздерімен түйіндейміз: *«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ», газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саяхат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытпасақ та, тарих ұмытпайтын істер. Ахаң - еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Онысы - Ахаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын.*

Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды».

II тарау

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығының 6–сыныпта оқытлуы

2.1. Сабақ өтуден алдыңғы кіріспе жұмысы

Оқушылардың ауызекі тілін дамытуда көркем шығарманы мәнерлеп оқытудың алатын орны айрықша. Әдебиет сабақтарында жүргізілетін маңызды жұмыстың бұл түрі бесінші сыныптан басталады.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға V-VIII сыныптардың бағдарламасында арнаулы орын беріліп, тіл ұстарту жұмысы ретінде сағат бөлінген. Мұғалім бұл салада жүргізілетін жұмыстың бәрін тиімділікпен басқарып, оқушының ықыласын шығарма мазмұнын меңгеруге ғана аударып қоймай, зейінін тіл ұстарту жұмысына бағыттап отыруға тиіс. Сол үшін де оқулық пен хрестоматияны пайдалануда мәнерлеп оқу мәселесіне көңіл аудару қажеттілігі туады. Өйткені, мәнерлеп оқу – ауызша тіл дамыту жұмысын жетілдірудің кепілі.

Жоғары сыныптарда ақын, жазушының өмірі мен шығармашылық қызметі туралы жасалған лекциялық сабақтан кейінгі кезекте тұрған кіріспе жұмыстың бір түрі – бағдарлама бойынша міндетті түрде өтілетін шығармаларды (әңгімелерді) оқушылардың оқуын идеялық-тақырыптық мазмұнын аңғарып келуін қамтамасыз ету болып табылады⁵.

Әдебиет пәнінің кейбір пәндерге қарағанда оқушыларға өмір таныту құралы ретіндегі маңызы мен ролі орасан зор. Өйткені көркем әдебиет - өмір оқулығы, адам тану ғылымы. Өмірді танытуды, адамның ақылы мен еркіне тікелей және бірден әсер етуде, оны қалыптастырып, дамытып тәрбиелеуде, ғылым былай тұрсын, өнердің өзге салаларынан шоқтығы биік тұратын көркем әдебиеттің өзіне тән өзгеше сыр-сипаты бар. Өйткені көркем шығармада адам өмірінің алуан түрлі көрінісі, құбылыстары суреттеледі. Өмірді образдылықпен суреттеп көрсету көркем әдебиеттің айрықша

⁵ А.Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы. 1969. 183-бет.

табиғаты десек, ол өмірді танытумен бірге, сол өмірге өзінің әсерін тигізіп, ықпалын жүргізеді. Сөз өнерінің осы сияқты табиғи ерекшелігі ғылымның басқа салаларынан өзгеше сипаты, қасиеті бар пәрменді күш екенін аңғартады.

Мектепте әдебиетті оқытуда мұғалім сөз өнерінің осы сияқты білімдік, тәрбиелік, танығыштық және идеялық-ұйымдастырушылық күшін оқушыларға түсіндіріп жеткізе білуге тиіс. V-VII сыныптарда қазақ халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің үлгілерін, IX-XI сыныптарда фольклор, XVIII-XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен қазақ әдебиетін өткенде, жетекші принципке таным теориясы басшылыққа алынады. Өйткені көркем әдебиет – объективтік шындық болмыстың сәулесі және оны танып білудің пәрменді құралы болып есептеледі. Бұл мәселе, әсіресе, жоғары сыныптарда маңызды орын алады. Себебі, бұл сыныптарда өзге мәселелермен қатар ақын, жазушының көзқарасы, қоғамдық саяси позициясы қола тексеріп, талданып отырады. Әрбір ақын, жазушы белгілі бір қоғамдық формацияның тарихи кезеңдерінің бірінде өмір сүріп, өзінің творчествосымен әдебиет майданында көрінді. Ол сол өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы идеялық күрес-тартыстарға араласады, белгілі бір әдебиеттік бағыттың, стильдің өкілі ретінде танылады, өзінің творчествосымен белгілі бір таптың сойылын соғып, соның мүддесін жырлайды. Осының нәтижесінде оның дүниеге көзқарасы, қоғамдық-саяси позициясы қалыптасып бекиді. Сөйтіп, ақын, жазушы не прогресшіл әдебиеттің не кертартпа-реакцияшыл әдебиеттің өкілі болып шығады.

Әдебиет оқытушысы көркем шығарманың тіл ерекшелігін талдағанда, архаизм, неологизм, диалектизм, жаргонизм, вульгаризм, варваризм сияқты тілдің өзгеше лексикалық қорларына тоқтамай кете алмайды. Сөздің көп мағыналылығы, оның өз мәні мен ауыспалы өзгерген мәні және сөз мәніндегі осы сияқты өзгеріс-өзгешеліктердің сыры ашылып түсіндіріледі. Суреткер өмір шындығын бейнелеп көрсету үшін бұларды да қолданады. Сондай-ақ талдауда синоним, омоним, антоним сияқты сөз мағынасындағы өзгеріс-

кұбылулар да, троптың жай және күрделі түрлері де қарастырылады. Өйткені көркем шығармадағы сөздердің қай-қайсысы да белгілі бір көркемдік қызмет атқарып тұрады. Сөйтіп, шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын, көркемдік өзгешеліктерін ашуға ат салысады. Демек, шығарманың тіл шеберлігі жалпы халықтық тілдегі сөздерді талғап, таңдап, дұрыс және дәл қолданумен жасалатыны оқушыларға әрдайым ұғындырылып отырылуы тиіс.

2.2. Ақын, жазушының өмірі мен шығармашылық жолын оқып үйрену

Кеңес мектебінде ақын, жазушының өмірбаянын оқып үйренуге зор мән беріледі. Олардың өмірбаяндарын оқып үйренудің оқушылар үшін білімдік, тәрбиелік маңызы аса зор. Оқушылар жеке шығармалармен қатар, өмірбаяндарын оқып үйрену арқылы көркем сөз шебері – суреткердің қоғамдық дамуда маңызды орын алғанын түсінеді. Олардың Отан қамы, халық игілігі үшін қандай қызмет еткенін біліп танысады. Әрбір көрнекті жазушы Отанына, халқына пайда келтіру үшін еңбектенген биік тұлға деп қаралады. Мектепте халықтың осы сияқты адал ұлдары мен ардагер азаматтарының өмірі мен творчестволық жолын оқып үйрену пайдалы да, қажетті де. Жас өспірімдерге әдебиет классиктерінің үлгілі, өнеге аларлық, еліктеп үйренерлік жақтары көп. Отанын шексіз сүйу, халқының азаттығы үшін күресу, гуманизм, әділеттілікті, шындықты іздеу сияқты адамгершілік қасиеттер – көптеген жазушыларға тән сипаттар. Осылардың бәрі – оқушылардың игілікті өмір үшін күресуіне, Отан үшін қызмет етуіне, қоғамға пайдалы еңбек ете білуіне үлгі боларлық сапалар. Сол себепті программа бойынша жеке шығармалар мен қатар кейбір көрнекті ақын, жазушылардың өмірбаяндары да өтіледі⁶.

Өмірбаяндық материалдың білімдік жағына келсек, әрбір жазушының өмірбаяны, оның шығармаларына кіріспе ретінде, бет ашар түсінік ретінде қаралады. Жазушының өмірбаянын әңгімелегенде, басқа мәселелермен бірге, оның кезеңдерінің негізгі даталары, ол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай, туып-өскен, тәрбиеленген аясы, өзін қоршаған қоғамдық ортасымен қарым-қатынасы тағы басқалар жайында әр класқа лайықты мәліметтер беріледі.

Сонымен бірге өмірбаяндық материал оқушылардың ақыл-ойы дамуына көмек ететін, жазушының шығармасын түсініп оқуға дайындайтын, өзіндік ерекше маңызы бар мәселе болып табылады. Кейбір ақын, жазушылар тегі, туысы, тәлім-тәрбиесі жөнінен үстем таптан шыға тұрса да, сол өзін

⁶ Көшімбаев .Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы. 1969

тудырған ортаға жирене қарап, одан безіп, өмірі мен қызметін Отанының, халқының игілігіне сарп еткен. Мысалы: Пушкин, Некрасов, Алтынсарин, Абай т.б. атаның ұлы емес, халықтың ұлы бола білді. Бұл тұрғыдан қарағанда, оқушыларға жазушының өмірбаянын оның әдеби-қоғамдық қызметімен байланыстыра әңгімелеу өте қажет болады. Әрине бұлардың көпшілігі, негізінен, әдебиеттің тарихын өтуге орай жоғары кластарда (IX-X) жүзеге асырылады. Алайда жазушының творчествасы жөніндегі кейбір қажетті мәліметтер IV-VII кластарда берілуге тиісті. Мұның өзі, біріншіден, жазушының шығармасын саналы түрде оқып түсіну, талдау үшін керек болса, екіншіден, кластан тыс оқу жұмысын өрістетуге үшін қажет. Мұғалім жазушының өмірбаяны мен творчествалық жолын әңгімелегенде, оның программаға енген кейбір шығармаларына арнайы тоқталып, оларға қысқаша сипаттама береді. Бұл – оқушыларды ондай шығармасына кластан тыс уақытта оқып шығуға ынталандырады.

Жоғарыда өмірбаяндық материалдың оқушылар үшін тәрбиелік маңызы да бар дедік. Оқушылардың көз алдынан Махамбет, Ыбырай, Абай, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Жамбыл сияқты ақын, жазушылардың ұлы тұлғалары мен жарқын бейнелері тізбектеліп өтеді. Бұл ақын, жазушыларды өткенде, олар халқымыздың тарихында көрнекті орын алғаны, әдебиетімізді дамытуға үлкен еңбек сіңіргені түсіндіріледі. Кім де болса, абырой, атақ, даңқ, ұлылық сияқты қасиеттерге халқына осылай игілікті еңбек, адал қызмет істегенде ғана ие болып, құрметке бөленетіні ұғындырылады.

Оқушылар халқымыздың алдыңғы сапында болған таңдаулы адамдардың еңбегіне сүйсініп, өмірлік жолын мақтан ете білумен қатар:

Болмасаң да, ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

«Ондай болмақ қайда» деп,

Айтпа, ғылым сүйсеңіз.., -

деп Абай айтқандай, олардың іс-әрекетінде, мінез-құлқында, әдет-салтында кездесетін тамаша ізгі қасиеттерге еліктей де білулері керек.

Т.Шевченко, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Горький, М.Әуезов сияқты ақын, жазушылардың өмірінде кітап маңызды орын алған. Бұлардың кітаппен әуестенуі, білімге құмартуы тіпті бала кездерінен-ақ көріне бастайды. Олар өздері кітап (көркем шығармалар) жазумен қатар, ғылымның түрлі саласынан жазылған кітаптарды да көп оқып, көп ізденген. Бұл сияқты тамаша қасиеттер оқушылардың кітапты сүйе білуіне, сүйсіне оқуына, өздігінен ізденіп, талаптанып білім алуына үлгі, өнеге бола алады.

Оқушылар жазушыларды таныстырғанда, олардың өмірбаянын біріңғай схематизм мен формализм жолымен түсіндірмей, әрбір жазушыны тарихи тұрғыдан қарап, бағалап, оқушылардың жасына, біліміне қарай әр жазушының өзіне тән ерекшелік жақтарын ашып көрсету қажет. Әрбір жазушы өзінің жасаған заманына, өмір сүрген, қызмет еткен кезіндегі саяси-әлеуметтік ортасына байланысты алып қарастырылуға тиісті. Ол үшін сабаққа әзірленгенде жазушының жанды тұлғасын шынайы және айқын көрсететін өмір эпизодтары мен фактілері, өмірбаянына байланысты шығармаларын, туған-туысқандарының естеліктерін, түрлі сурет-картиналарды т.б. сұрыптап, таңдар ала білу, оларды сабаққа орынды пайдалана білу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Осы ретпен таныстырылған өмірбаян ғана оқушыларды қызықтырып, жазушының шығармаларын сүйсініп оқуға әзірлейді. Сонда ғана біз қазақ халқының ілгері дамуы жолындағы күресін бұл жолда орыс және басқа да халықтардың таңдаулы ұлдарының достық көмегін белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүрген әдебиет қайраткерлері арқылы дұрыс көрсете аламыз. Олар өздерінің асқан таланты, дарындылығы арқасында өз тұсындағы өмір шындығын жан-жақты суреттеп көрсеткенін ұғындырамыз.

Егер жазушының өмірбаяны мұғалім тарапынан немқұрайды түрде әңгімеленсе, оған көрнекті материалдар мен фактілер сұрыпталып алынбаса. Осының салдарынан әңгімеде өнегелік мәні жоқ сүреңсіз нәрселер айтылса, өмірбаянның білімік, тәрбиелік жақтары әлсіреп кетеді.

Кейде сабаққа мұқият әзірленбеудің себебінен оқушылардың ұғымына ауыр тиетін тарихи-әдебиеттік курсқа байланысты мәселелер айтылып, сабақ әдісі лекцияға айналып кетсе, бұлай баяндалған өмірбаян да оқушылардың қызықтырудың орнына, жалықтырып жібереді. Сондықтан өмірбаян жөнінде айтылатын әңгіменің мазмұны бай, идеялық тәжірибесі жоғары, тілі тартымды болу керек. Ақын, жазушылардың өмірбаяндары осы ретпен таныстырылғанда ғана, жас ұрпақтарды Отанымыздың жан-жақты жетілген азаматы етіп шығару жолындағы ісімізге көмек ете алады.

IV-VII кластарда ақын, жазушының өмірбаяны жөніндегі мәліметтерді баяндаудың төрт түрі бар. *Біреуі – жазушының өмірбаянынан берілетін мәлімет, екіншісі - өмірбаяны арнаулы түрде өтілмейтін жазушылар жайында қысқаша анықтама беру, үшіншісі - өмірбаянымен қатар творчестволық жолы туралы мәлімет беру, төртіншісі – жазушының өмірі туралы құрастырылған әңгіме.* Әдебиеті оқыту тәжірибесінде соңғысы қазақ мектептерінде әлі өріс ала алмай келеді. Оған себеп: ақын, жазушының өмірбаяны туралы балаларға лайықтап жазылған әңгіме-очерктер жоқ. Бұл жағдай әдебиет хрестоматияларын құрастырушыларды да, мұғалімдерді де қинап келеді. Өйткені өмірбаяндық материалдың көлемі мен мазмұны класс жоғарылаған сайын түрленіп, күрделеніп отырады. Осыған орай өмірбаяндық мәліметтерді баяндау түрлерінің әр кластың өзіне лайықты формасы бар, бірінің орнына бірі жүре алмайды. Бұл принцип қатты сақталмаса, өмірбаянды оқытудың білімдік, тәрбиелік жақтарына нұқсан келеді.

Енді өмірбаяндық мәліметтерді өту жолдарының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, Қысқаша сипаттама берейік.

Жазушы туралы қысқаша анықтама программа бойынша арнаулы түрде өтілмейтін, бірақ шығармалары оқылатын жазушылар жайында беріледі. (Қ.Әбдіқадіров, Ғ. Орманов, Т. Жароков, Ә. Әбішев т.б.) Бұл түрдегі өмірбаяндық мәлімет төрт кластың төртеуінде де беріледі. Айырмашылығы – класс жоган сайын күрделене түседі. Әдетте сабақта бірінше минут қана уақыт алатын мұндай анықтама оқушыларды

жазушының шығармасымен алдын ала таныстыруға қажетті тарихи комментарий ретінде маңызды орын алады. Мұғалім әңгімесінде жазушының өмір сурген заманы, шыққан тегі мен туған жері, қажетті деп табылған өмірбаяндық фактілер, эпизодтар, шың маңызы жайында айтып, екі-үш елеулі датаны тактаға жазады, болса, протретін көрсетеді. Бұл түрдегі өмірбаяндық анықтаманың мазмұны мен әдіс-амалдары, міне, осылар.

Жазушының өмірі туралы әңгіме түрінде баяндалатын материалдар IV-VI кластарға қолайлы. Мұндай материал жазушының өмір жолын, мүмкін болғанда, толық қамтып, оқушыларды ол туралы белгілі мөлшерде тиісті мәлімет алуын қамтамасыз етуі қажет. Жинақтап айтқанда, мұндай материалда жазушының оінен білімдік, тәрбиелік маңызы зор эпизодтарды, әсіресе өтілеге тиісті шағармаларына қатысы бар жерлері, екібір шығармаларының сипаттамалары, заманының көрнекті адамдарымен қарым-қатынасы, байланысы сияқты мәселелер қамтылады. Алайда, бұл жөнінде жазушылардың бәріне ортақ, схема, стандарт ұсынуға болмайды, өйткені әр жазушының өмірлік, творчестволық жолы әр түрлі. Сондықтан әңгімелеуге қажетті мәселелерді әрбір жазушының өмір жолының ерекшелігіне қарай сипаттап алу, реттеу мұғалімнің өз билігіне беріледі.

Өмірбаяндық материалды класына қарай мөлшерлесек, IV-V кластарда көбінесе жазушының балалық, жастық шақтарын елестетіп, өмір эпизодтарын әңгімелеу басым орын алады. Мысалы, Ыбырай, Абай, Жамбыл, т.б. Ал VI класта жазушының есейіп ер жеткен елестететін өмір эпизодтарына көбірек көңіл бөлінеді. Мысалы, І. Жансүгіров, Т. Шевяенко т.б.

VI-VII кластарда өмірбаяндық материалдарды баяндаудың үшінші түрі – жазушының өмірі мен қатар, оның творчестволық жолы туралы да алғашқы мәлімет беру болып табылады. Мұндай мәліметтер оқушыларға VI кластан бастап-ақ беріле бастайды. Өйткені бұл кластың программасында VII класс сияқты тарихи-хронологиялық із бар. Ал жүйелі, толығырақ түрі, VII класта өтіледі. Бірақ бұл кластың өзінде де жазушының өмірі мен

творчествосы туралы баяндалатын материалдардың көлемі мен мазмұны, айтылу түрі, VIII-X кластарға қарағанда, өзгеше болып келеді. Ол өзгешелік IV-VII кластар мен VIII-X кластарда өтілетін әдебиеттік курстың алдына қойған мақсат-міндеттерінен келіп туады. IV-VII кластарда әдебиеттік оқу сабақтары жеке әдеби үлгілерді оқып үйренуге негізделсе, VIII-X кластарда қысқаша тарихи-әдебиеттік курс оқылады. Сондықтан бұл кластарда жазушының өмірінен гөрі творчестволық жолы, яғни оның творчествосының идеялық мазмұнын, тарихи-әдебиеттік және қоғамдық маңызын әңгімелеу орын алады, өмірі туралы мәлімет тек осы творчествосын баяндаумен байланысты айтылып отырады. Ал VII класта негізгі орынды жазушының творчествосы емес, өмірбаяны алынады, творчестволық жолының басты кезеңдерінен берілетін аттамалы мәліметтер осы өмірбаяндық материалдың құрамында очерк түрінде әңгімеленеді. Өйткені, VII класс оқушылары жазушының творчестволық жолының даму тарихын ашып беретін кейбір ірі шығармалармен таныс емес: әрбір шығарманы тарихи-әдебиеттік тұрғыдан үйренудің жолын, тәсілін білмейді және шамалары да келмейді. Алайда біл класта өмірбаяндық мәліметтерді баяндаумен байланысты, мүмкін болғанынша, творчестволық жолынан елес беретін кейбір ірі шығармаларын атап, аздап сипаттама беріп, оқушылардың өздері оқуға шамасы келетін шығармаларына қысқаша талдау жасап отырғаны жөн. VII класта әдеби шығармалардың жүйелі түрде хронологиялық тәртіппен, яғни жазушылардың ретімен өтілуі, жазушының өмірі мен творчествасын өз заманының қоғамдық – саяси тіршілігімен байланыстыра әңгімелеуге, оның творчествасының қоғамдық маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

Ақын, жазушылардың өмірбаянына арналған сабақтың сапалы, мазмұнды болып шығуы мұғалімнің дайындығына байланысты. Әдебиет мұғалімі сабаққа әзірленгенде, тек қана хрестоматиялар мен оқулықтағы материалдармен қанағаттанбауға тиіс. Өйткені олар оқушыларға ғана арналған және кейбіреулерінің мазмұны мен көлемі, түрі мен баяндалуы жөнінен жоғарыда көрсетілген талап-тілектерге сай келе бермейді.

Сондықтан өмірбаянға керекті материалдарды басқа әдеби деректерден іздеп табу керек.

Бұл жайындағы деректердің бірі – ақын, жазушының өмірбаяны жөнінде жазылған еңбек. Соңғы кездерде шыққан жеке кітапшаларда негізінен ақын, жазушының творчествасы әңгімеленеді де, өмірбаяны жайындағы материал өте аз берілген, ал кейбіреулерінде аты мен жоқ. Алайда өмірбаяны туралы қысқаша анықтама беруге тиісті ақын, жазушылар жайында қажетті мәлімет, деректерді, табуға да болады. Бұл жөнінде «Қазақстан жазушылары» деген атпен шыққан еңбектің пайдасы мол.

Ақын, жазушылар туралы еңбектердің бірсыпырасы ғылыми өмірбаян түрінде жазылған. IV-VI кластардың мұғалімдері үшін нағыз қолайлысы - әдеби көркем очерк түрінде жазылған еңбектер. Бұған М.Фетисов, Ә.Тәжібаев, С.Бегалиннің Жамбыл туралы очеркі жатады. Сондай-ақ жазушылардың өмірбаяны жайындағы кейбір материалдарды мектептерде жеке жазушыларды қалай оқып үйрену жөнінде жазылған еңбектерден де алуға болады. Мысалы, Ә.Дербісалиннің «Ы.Алтынсариннің өмірі мен жазушылық қызметі», С.Қирабаевтың «С.Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі» деген кітапшалары т.б.

Жазушының өмірбаяны жайында пайдаланылатын деректің бірі - өмірбаяндары жөніндегі жазушылардың өз жазғандары. Бұл топқа жататын материалдың бір түрі – «Орындалған араман» (С.Көбеев), «Тар жол тайғақ кешу» (С.Сейфуллин), Жамбылдың өзінің айтуымен жазып алынған өмірбаяндық әңгімесі. Екіншісі – С.Мұқановтың «Өмір мектебі» сияқты өмірбаяндық көркем шығармалар. Бірінші түрге қарағанда, өмірбаянды материалдың екінші түрінде жасанды кейіпкерлер, қосалқы оқиғалар болады; өйткені бұлардың қай-қайсысы да көркем тілмен жазылған әдеби шығармалар. Сондықтан мұғалім сабаққа әзірленгенде, мәселенің осы жағын естен шығармай, өмірбаяндық материалдың ғалымға сыйымды жақтарын сұрыптап, екшеп ала білу керек.

Жазушының өмірбаяны жөнінде кейбір мәліметтерді оның күнделіктері, жазысқан хаттары, естеліктері сияқты тарихи-әдеби және мемуаралық материалдардан алуға болады. Ақын, жазушының жалпы тұлғасын, қандай адам екенін айқын танып білуде бұл сияқты материалдардың да маңызы бар. Бұл саладағы материалдар кейбір жазушылардың толық немесе таңдамалы жинақтарына бет ашар ретінде берілетін кіріспе сөздерде, кітаптың соңынан қосымша ретінде беріледі. Мысалы, Ы.Алтынсарин, Абай жинақтарына берілген қосымшалар, С.Мұқановтың, С.Сейфуллин туралы еске түсіруі т.б. Мұғалім осындай материалдардың ішінен жазушының биік тұлғасын оқушылардың көз алдына елестетіп әкелуге жарарлық, оларға білімдік және тәрбиелік маңызы бар фактілерді таңдап, сұрыптап ала білуге міндетті.

Жазушының өмірбаянын оқып үйренуде оның өмір кезеңдеріне қатысы бар кейбір лирикалық өлең-жырларын пайдалануға болады. Бұл алуандас шығармалар ақынның өмірбаяндық фактілерін толығырақ сипаттап дәлелдеуге мүмкіндік туғызады, оның дүние тануын, өмірге көзқарасын тануға көмек етеді. Өйткені оларда автордың әр алуан ой-сезімдері мен идеялары, арман-тілектері бейнеленген. Мысалы: Махамбет, Ыбырай, Абай, Жамбыл сияқты ақын, жазушылардың өмірбаяндарын оқып үйренуде маңызды орын алатын лирикалық өлең-жырлары бар. Олардың орнын тауып пайдалану аса қажетті іс.

Жазушының өмірбаянын баяндауға пайдалы материалдарды кейде оларға арналған әдеби-көркем шығармалардан алуға да болады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай», М.Ақынжановтың «Ы.Алтынсарин», С.Талжановтың Сәкен туралы жазған шығармалары. Бірақ мұндай өмірбаяндық фактілерді мұғалім сақтықпен пайдалануға міндетті. Өйткені бұл шығармаларда жазушының өмірінде болмаған, кездеспеген фактілер де жүреді. Мұндай фактілерді мұғалім жазушының өмірінде шын болған деп түсіндірсе, сөз жоқ, қателеседі, жазушыға да, шәкірттерге де қиянат жасайды. Сондықтан ақын, жазушылар жайындағы лирикалық өлең-жырларды пайдалану керек. Мысалы, «Абайдың суреті» (*Жамбыл*), «Жамбылға» (*Г.Лахути*), «Тұлпарға»

(Илияс) т.б. Мұндай өлең-жырлардың таңдаулы үлгілерін мұғалім келістіріп оқып берсе (түгел немесе үзінді), ақын, жазушылардың өмірбаяны мен творчествасы жөніндегі әңгімесін толықтыра түседі.

2.3. Сабақ процесінде оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың тиімділігі.

Оқу – тәрбие істерін жаңа сипатта, жаңа заманның, жаңа технологияның соңғы жетістіктерімен байланыстыра отырып жастарды өздігінен ізденуге баулып, олардың белсенділігін, сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізіу бүгінгі дәуірдің өзекті мәселесі. Демек ағарту саласында тынымсыз ізденістер, серпілістер қажет.

Қазіргі жаңа оқу – тәрбие істерінің сан алуан жаңа әдістерімен қатары озат тәжірибелі жаңашыл мұғалімдер тарапынан жүзеге асырылуда. Әрине, бұл үшін оқытудың қазіргі жаңа педагогикалық технология құралдары жөнінде мұғалім кең мәліметке ие болуға тиіс.

Сонымен бірге, мұғалім әрбір баланың өзіне ғана тән дара ерекшелігін білгенде ғана, жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкін. Балалар мұғалімнің әділдігін, ақылдылығын, білімділігін, уәдеге беріктігін бағалайды. Шебер мұғалім мұны әрқашан да жадында ұстайды. Шебер мұғалім алдындағы балаға өзінен кіші жай адам деп қарамай, өзіне тән мінез құлқы, сана – сезімі, тілек –талаптары бар жеке тұлға ретінде қарайды.

Қазақ тілін саналы және сапалы меңгерту, жаңа технологияларды ұтымды қолданумен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта әдістеме ғылыми жанару, даму үстінде. Өмірімізге жаңа технологиялар деп енуде. Білім беру жүйесінің мақсаты мен міндетіне қарай оқытудың праблемалы оқыту (М.И.Махмутов), программалап оқыту (Ю.Б.Эльконин), ұжымдық оқыту (В.К.Дьяченко), дистанциялық оқыту (Нұрғалиева Г.К, Жүсіпбаева Д.М) т.б

Технология шеберлік туралы ғылым деген ұғымды білдіретін грек сөзі. Педагогикалық технологияларға әдіскер – ғалымдар мынадай анықтамалар береді:

1. Технология – бір істегі, шеберліктегі, өнердегі әдіс жиынтығы (Түсіндірмелі сөздік).

2. Педагогикалық технология – оқу процесін мазмұнды қызметке асыру жолдары. (В.П.Беспалко).

3. педагогикалық технология – жүйелі әдіс. Оқыту мен білімді меңгеру, пайдалану және анықтау, адам және техника ресурсын ескере отырып өзара іс - әрекеттің формасын өзгертеді, онайлы етуді өзінің міндеті деп есептейді (ЮНЕСКО).

Сонымен «Педагогикалық технология» ұғымы білім беру тәжірибесінде үш деңгейде қолданылады:

1. Жалпы педагогикалық деңгей
2. Жеке әдістемелік деңгей
3. Жергілікті деңгей

Дәстүрлі сабақ ол барлық сынып оқушыларымен толық сабақ өткізу. Дәстүрлі сабақта мұғалім жаңа сабақ материалына сүйене отырып, оны түсіндіреді, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырады, білім береді, Оқушылар оны қайталайды және оның нәтижесін бағалайды.

Сондықтан дәстүрлі оқыту репродуктивтік сипаттама алады, білім беру мен іс - әрекет әдістері оқушыларға дайын түрде беріледі.

Жалпы оқытуды дамыту әдістерін екі бағытқа бөлуге болады:

1. Үлгілі өлшеулі тапсырмалаға жету, берілген үлгілерді тиімді қабылдауды ұйымдастырудағы дәстүрлі оқытуды жаңашылдандыру.

Оқу процесін жаңарту - дәстүрлі дидактикалық тапсырмаларға бағытталған репродуктивтік оқытуды «Технологиялық процесс» деп ұғыну, толық жүйелі баяндалған күтілетін нәтиже.

2. Оқушыларды бір мақсатқа қалыптасқан шығармашылыққы, ойлау, іс –тәжірибе, рөлдік және еліктеу үлгілері мен жаңа тәжірибені меңгеру қабілеттерін дамыту арқылы оқу процесіне инновациялық ықпал жасалынады. Осы бағытпен оқу моделдерін дайындау қажет:

- оқыту, - оқу, - ізденіс, зерттеу қызметтерін ұйымдастыру;
- оқыту, - оқу, -ойын, үлгілі қызметтерін ұйымдастыру;

- оқыту белсенді пікір алмасу, шығармашылық пікірталасты ұйымдастыру;

инновациялық оқыту оқу және оқыту қызметтерінің процесі, әлеуметтік және мәдени ортада инновациялық өзгерістерді ынталандырады. Инновациялық оқыту білім берудің ерекше түрі, дәстүрлі оқытудың баламасы. Осы екеуінің арасындағы негізгі айырмашылығы; болашаққа деген көзқарастары әр түрлі.

Дәстүрлі оқыту «қайталанылатын жағдайларда ережелерді қабылдауға бағытталған», ол инновациялық оқыту «жаңа жағдайларда даму қабілеттілігін бірлесе шешуді ойластырады».

Іс – тәжірибе барысында инновациялық оқыту технологиясы, инновациялық білім беру құрылымдары арқылы іске асырылады және олар жүйелі, терең ғылыми негізінде дайындалуы керек.

Инновациялық дидактикалық ізденістердегі оқыту деңгейінде ұстаз басшы, ұйымдастырушы, оқу процесіне қатысушылардың танымалы шындықпен, басқа адамдармен пікір алмасу ретінде құрылады.

Ұтымды білім беру барысы оқыту процесінді тәрбиелік бағыт – бағдар беру мақсатын қалыптастыруды болжайды.

Мысалы: Кларин төмендегі қызмет кезеңдерін көрсетеді:

1- оқушылардың анықтау қызметіндегі бір жиынтығы арқылы және тілеген мөлшерді оқушылардың білімін анықтауды жоспарлау.

2 – анықтап білу - ол оқушының алдағы уақыттағы танымдылық қасиетін, қабылдауын анықтау. Оның ішінде әр оқушы жуықтау емес өте нақты айқындықты білу қажет.

3 - дайындық бөлімі, оның көлемінде оқытудың тиістесті нәтижемсін бағдарлау және тәрбие берудегі керекті жерді жинақтауда қамтамасыз етуді таңдау.

4- белгіленген жоспарды іске асыру; оқыту шарттарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету; оқыту жағдайларындағы тәрбиелік мәні бар тренинг технологиясы қызметіне кіру.

5- қорытынды алдыңғы белгіленген мөлшердегі өлшемін нәтижелерін салыстыра бағалау, тапсырманы біртіндеп қиындату арқылы жүйелі кезең деп тест алу¹

«Әдістемелік жүйе төмендегі бағыттағы мәселелерді шешуге арналған:

1. Неге оқыту керек?

2. Қалай оқыту керек?

3. Не үшін оқыту керек? болса, қазіргі оқыту технологиясы бір ғана қосымша сұраққа жауап береді.

4. Қалай нәтижеге жету керек?» - деп М. Чошанов атап көрсетеді²

Ғалым -әдіскерлердің берген анықтамаларына сүйене отырып, жаңа технология дегеніміз педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары деген қорытынды жасауға болады. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зеріттейтін ғылым ретінде сипатталады.

1 Кларин .М.В Педагогическая технология в учебной процесс. Анаму зарубежного опыта –М.Знание, 1989.

2 Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактинова. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. –Ф. Ғылым, 2011.

Педагогикалық технологиялардың сызбасы

Педагогикалық процесс

Оқытушы қызметі	Сабақтың технологиялық картасы	Оқушының қызметі
акмелогиялық	Мақсат-міндеттері	Белсенділік
Керативтік	Оқыту процесінің мазмұны;	Сындық көз қарас
Рефлексивтік	Оқыту процесін жүзеге асыру технологиясы;	Тұлға сезімін арттыру;
	Нәтиже;	өз бетімен іздену;
	Кейінгі жоспарлар	

Сабақ процесінде белгілі бір технологияны қолдану арқылы мұғалім жоғары нәтижеге жетуді мақсат етеді. Бұл мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрине шеберлік бірден пайда болмайды. Ол жылдар өткеннен үлкен ізденістер мен орасан еңбектің арқасында келеді. Шебер мұғалім сабақ процесінде, сабақтан тыс уақытта да үнемі ізденіс үстінде жүреді. Осы ізденістің арқасында үлкен жетістіктерге жетеді.

Сабақ процесінде жаңа технологияларды қолдану арқылы да жоғары нәтижеге қол жеткізу мүмкін. Ол сабақ процесінде дұрыс, жүйелі ұйымдастыра білуіне де байланысты. Мұғалім оқушының сабақтағы белсенділігін, сабаққа деген қызығушылығын әдіс-тәсілдерді ұтымды, орында қолдана білу арқылы оятады. Мұғалім, әрине, бала жанын түсіне білуі де керек.

Балаларды түсіну дегеніміз - олардың позициясында тұру, олардың сезімін бағалап, әрекеті мен ісін елеулі түрде қабылдау, олармен санасу деген сөз. Яғни, оларға өктемдік көрсетпей, олардың бүгінгі тіршілігін тірек ете отырып ертеңгі тіршілігінің өркенін жою деген сөз. Бұлда сабақтың тиімді болуына негіз .

Оқушылаға үйретілген тілдік материалдар белгілі бір материалдың жүйе теориясы бойынша орналасады. Сол материал әр сыныптың шама –шарқына қарай сұрыпталып, өзіндік белгілеріне орай әр – түрлі әдіс тәсілдер негізінде меңгертіледі. Жалпы қазақ тілінен өтілетін сабақтар үш үлкен топқа бөлініп классификацияланады:

- 1.Түсіндіру сабақтары;
2. пысықтау сабақтары;
3. сынау сабақтары;

Бұдан тыс бүгінгі күнде жоғарыда талқыланған жаңа технологиялар негізінде бірнеше әдіс – тәсілдер тиімді пайдаланып жүр. Оларды конференция сабағы, диспут, виктарина, проблемалы оқыту, ойын, лекция, түрлі конкурстар сабақтарын атап айтсақ болады. Нәтижелі технологиялар тізбегіннен «Кластер»; «3x4»методы, «Бумеранг»; «Зигзаг»; «5x5x5» «Венн

диаграммасы»; «Проект»; «Жорға»; т.б методтар орын алған. Жаңа технологиялардың кейбіреулеріне тоқталып өтеміз. Қоғам өркениетінің талабы: бұл компьютерленген сабақ процесі. Демек әдебиет сабағында компьютерді пайдалану оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады. Тест тапсырмаларын компьютер арқылы беріп, білімдерін тексеруге болады.

Праблемалы оқыту технологиясының мақсаты: оқыту қызметінде танымдық белсенділігін, өзіндік шығармашылығын дамыту, яғни оқушылар алдына жүйелі және бір бағыттағы танымдық мәселелерін қою, оны шеше отырып оқушылар білімді белсенді қабылдайды. Бұл технологияны іске асыру процесінде іздену мен танымдық қасиеттерін арттыратын «Ақыл шабуы» әдісін де пайдаланған тиімді.

Шоғырландырып оқыту технологиясының мақсаты: оқу процесі құрылымының психологиялық табиғи ерекшеліктерін қабылдауға жағдай туғызу. Сабақтарды блокқа біріктіру арқасында пәндерді терең үйрену. Мұнда оқушылардың оқу қызмет қабілеттерінің дамуын ескеру әдістері кеңірек қолданылады

Модульдік оқыту технологиясының мақсаты; жеке тұлғаның қабілеттілігіне ыңғайлау икемдігін қамтамасыз ету, оның базалық деңгейін дайындау. Оқушылар жеке оқу бағдарламалары мен өзіндік жұмысы.

Дамыта оқыту технологиясының мақсаты: жеке тұлғаны және оның қабілеттілігін дамыту. Мағынасы : оқу процесін адамның мүмкіншілік шамасына бағыттау және оны іске асыру. Тапсырмалар әр түрлі түрлерде беріледі: үлгілер түрінде, изометриядағы жайпақ сурет, сызба жазбаша, ауызша нұсқалар т.б, сонымен мәлімет беру әдістерімен таныстырады.

Дамыта оқытуға қойылатын сұрақтар ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей праблемалы сұрақтар болуы қажет. Дамыта оқытуда сабақта жаңа материалды талдауға көп көңіл бөлінеді. Талдау ізденістен тұрады.

Талдау жасау барысында мұғалім баланың ой – пікірін бақылауға мүмкіндік алады. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім оқушыларды «Жақсы оқитындар», «Жаман оқитындар» деп бөлмей, барлық балалардың жан –жақтама дамуы үшін жағдай туғызады мақсат етіп қояды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа негізделеді. Бұлардан тыс семантикалық және концептуал карта, I схема технологиялардың да мақсаты мен міндеті баланың қызығушылығын арттырып адамгершілікке және сезімталдыққа тәрбиелеуді көздейді.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технологиялар ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс - әрекеттерінен ізденуді, яғни, білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерін оңтайлы пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жеткізу деген сөз.

Оқытушы өзінің пәніне байланысты, өтетін сабағының мақсат мазмұнына қарай білім берудің дәстүрсіз қалыптарын қалай пайдалануды өзі таңдайды.

Сонымен қатар, білім берудің сапасын арттыру, сабақтың жаңа заманға сай, жаңаша сипатын күшейте түсу, оқушының пәнге деген сүйіспеншілігін дамыту - әр пән мұғалімінің біліміне іздемпаздығы мен шеберлігіне байланысты.

2.4. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын оқытуда педагогик технологияларды пайдалану жолдары

Талдау объектіміз болып отырған тақырыбымызға – Ахмет Байтұрсыновтың «*Қара бұлт*» өлеңінің оқытылуына назар аударсақ⁷.

Сабақтың тақырыбы: Ахмет Байтұрсыновтың «*Қара бұлт*» өлеңі⁸.

Сабақтың мақсаты: жаңа тақырып туралы оқушыларға теориялық мәлімет беру; тіл мәдениетін Үйрену; адамгершілік, Отан сезімі, таза қазақ әдеби тілінде сөйлеуге баулу; сабақты мәнерлеп оқу әдіс-тәсілдер арқылы қызғылықты өтіп оқушылар ойына қозғау салу; мысал өлеңдер арқылы жастарды тәрбиелікке үндеу.

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, хрестоматия, мақал-мәтелдер жинағы, қырық өтірік, қосымша әдебиеттер, ғылыми – публицистикалық мақалалар, таблица, сызба-схемалар, тест материалдары, тақта, бор т.б.

Сабақтың жоспары

1. Кіріспе. Ахмет жайлы.
2. «*Қара бұлт*» өлеңінің мазмұны.
3. Өлеңнің идеясы.
4. Мысал жанрының өзіне тән сипаты.
5. Қорытынды.

Пәнаралық байланыс: жалпы тарих, Қазақстан тарихы, қазақ тілі, география, педагогика-психология, әдебиет теориясы.

Сабақта қолданылатын әдіс: мәнерлеп оқу әдісі, түсініксіз сөздерді түсіндіру әдісі, сұрақ-жауап әдісі, интерактив және ақылға шабуыл әдістері.

Сабақтың барысы: мұғалім сыныпқа кіріп, оқушылармен сәлемдесіп, кезекші арқылы бүгінгі сана, ай-күнді біліп, жоқтама жасайды. Соңыра үйге

⁷ Е. Абдувалитов, А. Бектаев, Д. Дүйсебаева, С. Досымбетова. Әдебиет (6-сыныпқа арналған оқулық) Ташкент: «ШАРҚ» 2009, -78-80.Б.

⁸ Жоғарыдағы оқулық 79.Б.

берілген тапсырманы сұрауға кіріседі. Өткен сабақты еске түсіру мақсатында оқытушы шеберлікпен ортаға мынандай сұрақтар тастайды:

Төмендегі сұрақтарға жауап бер

1. *Ахмет Байтұрсынов қашан дүниеге келген?*
2. *Ахмет жас шағында қандай оқиғаларды басынан кешірген?*
3. *Ахметтің қандай шығармалары бар?*
4. *Ахметтің қандай мысал өлеңдері бар?*

Сол сияқты, «Әдебиеті⁹» (тест-сұрақтары) әдістемелік нұсқауды пайдалана отырып бірнеше вариантты тест түзіп немесе оқытушының өзі тест сұрақтарын түзіп, бала білімін тексеруге болады. Мәселен:

1. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі қай жылы, қайда басылған?

А. 1920 жылы, Орынборда.

В. 1922 жылы, Омбыда.

С. 1927 жылы, Ташкентте.

Д. 1924 жылы, Мәскеуде.

⁹ Е.Абдувалитов, С.Досымбетова, А.Бектаев, Д.Дуйсебаева. Әдебиет. (Тест. Көмекші әдістемелік құрал). Ташкент: 2005.

Е. 1926 жылы, Қызылордада.

2. Қиналмайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес асқаны, атқаны,

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз аулымның иттері үріп қапқаны,-деген өлең

жолдары А.Байтұрсыновтың қайсы өлеңінен алынған?

А. Қарқаралы қаласына.

В. Көк есектерге.

С. Жұртыма.

Д. Қазақ салты.

Е. Анама хат.

3. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі «Елшілдік ұран», «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытпасақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын...» деген пікірді кім айтқан?

А. Сәбит Мұқанов.

В. Сәбит Дөнентаев.

С. Сәбит Жұманалиев.

Д. Мұхтар Әуезов.

Е. Мұхтар Шаханов.

4. Ахмет қашан туылған?

А. 1870.

В. 1871.

С. 1872

Д. 1873.

Е. 1874.

5. Төмендегі қайсы мысал өлеңдерді Ахмет жазған?

- А. Маймыл.
- В. Егіннің бастары.
- С. Өзгіз бен бақа.
- Д. Қара бұлт.
- Е. Барлығы дұрыс.

6. Ахметтің әкесі қайсы қатарда?

- А. Жұмабай.
- В. Құдайберді.
- С. Дулат.
- Д. Байтұрсын.
- Е. Аймауыт.

Тесттер	1	2	3	4	5	6
Жауап						
Балл						
Жалпы балл:						

Оқушылар «**Жауап**» деп аталатын қатарға **1 – Д, 2 – В, 3 – С, 4- А, 5 - Е** деген сияқты белгілер қояды. Дұрыс жауап үшін 1 балл, қате жауаптар үшін 0 балл беріледі. Дұрыс жауаптар нәтижесі есептеледі де, жалпы балл шығарылады.

Ескерту: Сабақ үшін тесттер оқытушының өзі түзуі шарт.

Тест-сұрақтарына жауап алғаннан соң, мұғалімнің өзі өткен сабақты қорытындылап, кейінгі жана тақырып – Ахмет Байтұрсыновтың «**Қара бұлт**» өлеңін¹⁰ өтуге көшеді.

¹⁰ Е. Абдувалитов, А. Бектаев, Д. Дүйсебаева, С. Досымбетова. Әдебиет (6-сыныпқа арналған оқулық) Ташкент: «ШАРҚ» 2009, -78-80.Б.

Мұғалім тақтаға төмендегідей таблицаға жазылған тақырып жоспарын іліп қояды. Сол сияқты бірнеше (тіркеледі) сызба-таблицааларды пайдалана отырып тақырыпты түсіндіруге көшеді.

Ахмет Байтұрсынов

(1873 - 1937)

Ахмет қазақтың тілі мен әдебиетін дамытуға зор үлес қосады. Алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға, халықтың көркем сөз мұрасын жинауға белсене араласады. Көптеген мақалалар, өлең-жырлар жазып, аударма саласында да үлкен еңбек етеді. А. Байтұрсынов азаттық ойларын халқына жеткізу үшін «Қазақ» газетін шығарды. Ахметтің жазушылық қызметі мысал жазудан басталды. Оның И. А. Крыловтан аударған мысалдар 1909 жылы «Қырық мысал» деген атпен басылып шықты. Ақынның өз өлеңдері кірген «Маса» кітабы 1911 жылы жарық көрді.

Есте сақтау

Қара бұлт

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-дүркін.
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп маз болмады.
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асылы, жүк орнынан қозғалмалы.

Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес.
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсақ жолдас.
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Мысал жанрының өзіне тән сипаты

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма. Мысалдың тақырыбы сан алуан, кейіпкерлерді аң, құс, балық, өсімдік дүниесі, кейде оқиғаға адам да қатыстырылады. Негізгі сюжетке қоса, нақыл түрінде келетін түйіндемесі де болады. Кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым келеді.

АХМЕТ МЫСАЛДАРЫ

«Шымшық пен көгершін», «Маймыл»,
«Егіннің бастары», «өгіз бен бақа»,
«Емен мен қамыс», «Қасқыр мен тырна»,
«Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан
«Қара бұлт», "Аққу, шортан һәм шаян", тағы басқа.

Мұғалім, алдымен, өлеңді өзі мәнерлеп оқып береді. Соң оқушыларға оқыта бастайды. Өлең оқылып болғаннан соң, талданады. Талданған кезде өлеңнің қайсы жанрға жататындығы айтылады. Сабақ соңында оқушылардың

бұл өлеңнің мазмұнын қаншалықты түсінгендігін төмендегі сұрақтар арқылы тексеріп көреді¹¹:

1. Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолына қатысты бос орындарды толтырыңдар.

1. Туған жері _____
2. Білімі _____
3. Әке тағдыры _____
4. Ағартушылық қызметі _____
5. Алғашқы тұтқынға алынуы _____
6. Орынборға жер аударылуы _____
7. «Қазақ»газетін қай жылы қайта ашты? _____
8. «Қазақ»газеті қай жылы жабылды? _____
9. 1913 жылы «Қазақ»газетіне Абай туралы жазылған қандай мақаласы жарық көрді? _____
10. Жазықсыз жазалануы туралы не білесіңдер? _____

2. Викториналық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ тілін «ана тіл» деп атаған кім?
2. Қазақ тілі терминдерін өмірге әкелген қай жазушы?
3. Ахмет Байтұрсынұлы кімдердің мысалдарын аударды?
4. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің өлеңдер жинағына «Маса» деген атты неліктен қойды?
5. Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет теориясына қатысты қандай еңбегі бар?

¹¹ С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев, Р.Нұрғалдиев, Қ.Сейданов. Қазақ әдебиеті. (10-сынып үшін оқулық) Ташкент: «Өзбекстан» баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 2005; -Б. 139-141.

3. Сабақ соңында түртіп алу кестесін толтырады.

Тақырыптар	Нені білемін ?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?
<p><i>Ахметтің өмірі жайлы.</i></p> <p><i>Ахметтің өскен ортасы.</i></p> <p><i>Ахметтің әдебиет алаңына кіріп келуі жайлы.</i></p> <p><i>Ахметтің шығармашылығы.</i></p> <p><i>Ахметтің әдебиет теориясына қосқан үлесі.</i></p> <p><i>Ахметтің аудармалары.</i></p> <p><i>Ахметтің мысал өлеңдерінің мәні.</i></p> <p><i>Ахметтің «Әдебиет танытқышы» жайлы.</i></p>			

Оқушылардың жаңа тақырыпты қалай түсінгендігін аңғарып болғаннан кейін, мұғалім кейбір түсінбеген жерлерін түсіндіріп, сабаққа белсене қатысып отырған оқушылар мен пассив қатысқан оқушыларды салыстыра отырып олардың бір сабақ ішінде жинаған балдарын естіріп, үйге **«Қара бұлт»** өлеңін мәнерлеп оқуға, мазмұнын ұғып келуге және мысал өлеңге мысалдар табу тапсырылады да, мәтін соңындағы сұрақтарға дайындық көріп келу жүктетіледі¹². Оқытушы өз мақсатына жеткеннен соң, оқушылармен қоштасады.

¹² С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев, Р.Нұрғалдиев, Қ.Сейданов. Қазақ әдебиеті. (10-сынып үшін оқулық) Ташкент: «Өзбекстан» баспа-полиграфия шығармашылық үйі. 2005; -Б. 139-141.

III Қорытынды

Мысалмен айтқан көп ойлар

«Халыққа өзінше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына жеткенде, сол кісінің халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін бастан-аяқ баяндап отыру әр үлгілі халықтың әдеті», деген еді Сәкен Сейфуллин. Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Әрине, Ахмет қазақ халқының байы мен жарлы-жалшы табының жігін ашып, бұл екі тап қатар тұрғанда, жарлы табын байлар табы жұмысқа жетіп қойып, борсықша сора беретіндігін айтқан жоқ. Байлардан бөліп жарлы табының ғана намыстарын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Жарлы табының шоқпарын соққан жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арларын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметерін қылды. Әуелі ол школда (мектеп) қазақ балаларын оқытты. Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыстың жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды. Одан соң Орынборда «Қазақ» деген газетті шығарды. Қазақтың бастауыш мектептеріне арнап «Оқу ьәм тіл құралдарын» жазып шығарды. Ер азаматша жалпы байлардың құлдығында жүрген жарлылардың ғана арын, намысын жоқтамаса да, ер азамат түрінде жалпы байларға оқ

атып, жалпы жарлылардың таяғын соқпаса да, Ахметтің халыққа бұл істеген қызметтері зор қызмет. Бұл қызметінің әсіресе көзге көрінетіндігі сол, өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар ыәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

ұлтын сүюдің зорлығынан, 1917 жылы патша түсіп, төңкеріс (өзгеріс) болғанда, қазақтың бұрыннан арсыз, имансыз оқығандары «ұлтшыл» бола қалып «Алаш» партиясын ашқанда, бір қазақ үшін сол сұмдармен бірге «Алаш» партиясында болды. (Әрине, «оқыған» дегендеріміздің арасында бірен-саран адал адамдар да бар).

Адал ниет Ахмет бір тұтынған жол үшін, шын сүйетін ұлты үшін қандай партияға болса да кірмей қойсын ба?! өзі үшін ұлтшыл болған қулардан бөлініп, Ахмет сол ұлт қамы үшін халықтың партиясына да кірді.

Әрине, Ахмет сол партияда да көп бола алған жоқ. Көп бола алмайтындығы белгілі еді. Қазақтығына, орыстығына қарамай бай мен жарлының арасын ашып, борсықтай сорып келе жатқан байлардың қолдарынан үкіметті қара күшпен жарлыға тартып алғызған, малын, жерін тартып алғызған сол дәуірдегі адал азаматтар, жер-дүниедегі барша халықтарды бірдей сүйетін адал азаматтар рухы майда ыәм қазақты ғана сүйетін Ахаңа дұрыс болмады.

Ызыңдап ұшқан нәзік маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса.

Өзіне біткен түрі өзгерілмес,

Дегенмен, қара яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.

Әйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?

Рас айтады, Ахаң нәзік маса, ол ұйықтаған қазақ халқының үстінде қоймастан «ұйқысын аз да болса бөлуге ызындады», «Адал азаматтардың ертелі-кеш «ызындап» жүрудің орнына мырзалардың, байлардың бетіне былш еткізіп салып қалғаны нәзік жанды Ахаңа қолайлы көрінбеді». Ахаң байлардың құлдығына шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шоқпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм тіл құралдарымен» қылған қызметі таудай.

Қорыта айтқанда, Ахмет қазақтың тілі мен әдебиетін дамытуға зор үлес қосады. Алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға, халықтың көркем сөз мұрасын жинауға белсене араласады. Көптеген мақалалар, өлең-жырлар жазып, аударма саласында да үлкен еңбек етеді.

«Шымшық пен көгершін», «Маймыл», «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа», «Емен мен қамыс», «Қасқыр мен тырна», «Қасқыр мен қозы», «Қартайған арыстан», «Қара бұлт», тағы басқа мысал-өлеңдер жазды.

Қысқасы, Мұхтар Әуезов айтпақшы: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі «Елшілдік ұран», «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытпасақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын...»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Негізгі әдебиеттер:

1. Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент, 1999.
2. Каримов И.А. «Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиятининг пойдевори» Ташкент, 1997.
3. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10 томдық. Алматы, «ҚазАқпарат» 2006.
4. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы». 1-2 том. Алматы. 2008.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы. 1958.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы. 2006.
6. Сейданов Қ. Қалдыбаев Т. Аралбаев Қ., Бабашева Г. «Әдебиет» (7-сыныпқа арналған оқулық хрестоматия) Ташкент, 20013
7. Ө.Есназаров, Б.Кенжебаев. XX ғасыр басындағы әдебиет. Алматы.1993.
8. Пірәлиева. Г.Ж. XX ғасыр қазақ әдебиеттануы. Алматы. 2010
9. Бес арыс. Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған: Дидахмет Әшімханов. «Жалын», Алматы: - 1992.
10. С.Қирабаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы:-1994 ;

Қосымша әдебиеттер:

1. Ахметов З., Шаңбаев Т. «Әдебиеттану терминдер сөздігі». 1996
2. Ғабдулин Н. «Шығарма арқауы шындық». Алматы, 1968
3. Жұмабек С. «Сын әуені» Астана, Елорда 2001
4. Кенжебаев Б. «Шындық және шеберлік». Алматы, 1966
5. Омаров І. «Әдеби толғамдар». Алматы, 1988
6. Б.Кенжебаев. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы.1997.
7. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2005
8. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2006
9. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2007
10. Шаханов М. «Эверестке шығу». Алматы, 2003
11. Ә. Қоңыратбаев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1997.

12. Абдувалитов Е. Досымбетова С. Дуйсебаева Д. Бектаев А. «Әдебиет» (6-сыныпқа арналған оқулық-хрестоматия) Ташкент, 2013
13. Иномқожаев С. Зуннунов А. «Ифодали ўқиш асослари» Ташкент, 1978
14. Қалдыбаев Т. Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту. Ташкент, 1999
15. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2003
16. Құнанбаев А. Өлеңдер жинағы. I-II том. Алматы, 2005
17. Көшімбаев. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы Алматы. 1991.
18. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2005.
19. Қ. Сейданов. Қазақ әдебиетінің тарихы. Жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. Ташкент. 2005.
20. Негимов С. Шешендік өнер. Алматы, 1998
21. Ш. Бөлекбаева. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи педагогик технологиялары. Нөкіс. 2007.
22. Нысаналы А. Үш пайғамбар. Алматы, 1992
23. Тілешова С. Мәнерлеп оқу. Алматы, 1998
24. Орипов Қ. Обидова М. «Ифодали ўқиш» Ташкент, 1994
25. Бердібаев Р. Роман және заман. Алматы. 1967.
26. Ишмухаммедов. Р.Ж. Таълимда инновацион технологиялар. Т. 2009.
27. Ишмухаммедов. Р.Ж. Тарбияда инновацион технологиялар. Т. 2009.